

Абзал  
Бокенов



Самуилов

Азат  
Бөкенов

Салжырын

ӨЛЕҢДЕР МЕН ТОЛҒАУЛАР



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1991

ББК 84Қаз7-5  
Б 39

Пікір жазған *А. Бақтыгереева*

Редактор *Б. Ысқақов*

**Бөкенов А.**

**Б 39** Салбуырын: Өлеңдер мен толғаулар.—  
Алматы: Жазушы, 1991.— 128 бет.

ISBN 5-605-00763-7

Ата қазақ алғыр қыранды бабына келтіріп, сонарда ая қағуды — салбуырынға шығу деген. Алғашқы бөліміне өлеңдер, соңғысына толғаулар топтастырылған бұл кітапта жыр салбуырына шыққан ақынның олжасы оралмағанын аңғарамыз.

Б  $\frac{4702250202-067}{402/05/ - 91}$  50—91

ББК 84Қаз7-5

ISBN 5-605-00763-7 © «Жазушы» баспасы, 1991

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### Ө Л Е Ń Д Е Р

---

#### АЛАҢДАТЫП...

Басталған іс,  
Айналам тасталған іс...  
Тасталған іс — жүрек пен басты алған іс.  
Алаңдатып бір жақтан Дала, Тауым,  
Алаңдатып бір жақтан Аспан, Ғарыш...

Алаңдатып Жер қамы, жетім қамы,  
Жесір қамы,  
Жесірдің кесір халі...  
Алаңдатып жабының жолға түсіп,  
Арғымақтың амалсыз тосылғаны.

Алаңдатып ұлы өліп майдандағы,  
Өз ананың аһ ұрып, қайғы алғаны.  
Алаңдатып мысыққа — жолбарыстың,  
Арыстанның тышқанға айналғаны.

Алаңдатып —  
Ақиық жыр аспаны  
Құзғынға да құшағын бір ашқаны.

Аландатып  
Ақылдың — аярлыққа,  
Кемелдіктің қулыққа ұласқаны.

Аландатып  
Күйғандай қамбасына —  
Әділдіктің жетпеуі жан басына.  
Масылыңның мықынын мамық бөлеп,  
Сабан батып сардардың жамбасына...

Аландатып арқауы босаң қауым  
Ата ғұрпын, салт-жөнін қош алмауы.  
Аландатып аталған мерездерді  
Әшкерелеп жырыма қоса алмауым.

Аландатып  
(Қалайша аламын дем?)  
Қуған арман құлшынып бала күннен,  
Аландатып мың тірлік,  
Амал қанша  
Біріне де үлгірмей барамын мен.

## ӨМІР БОЙЫ

Өмір бойы өзімді өзім қуып,  
Өмір бойы кеудемді сезім буып,  
Адамдаймын жіберген айдалаға  
Жібек шілтер — жастықпен көзім буып.

Өмір бойы арманның ұранымен,  
Өмір бойы аңсаудың жыр-әнімен,  
Қуып келем кеудемнің Құлагерін  
Күйқылжыған көңілдің құнанымен.

Өмір бойы ол шырқап,  
Мен елігіп,  
Ойпаңымды келеді төбе қылып:  
Кеудемдегі құмыққан құйттай құсты  
Бұлбұл етіп сайратам деген үміт.

Өмір бойы алысып асауменен,  
Өмір бойы жарысып жасаулы өлен.  
Арпалысып келемін.  
Неткен қнын —  
Аты абзалдан заты абзал жасау деген.

### БІРЛІК

Көңілінде сәулесі бар азамат —  
Халық қамы үшін жортқан қазанат.  
Төрт құбыласы болса-дағы түп-түгел,  
Жан жүрегін жүреді ылғи мазалап.

Санасында сәулесі бар әр адам,  
Соқа басын жұртпен бірге санаған.  
Қашпайды ол қайғысынан қауымның,  
Қашпайды ол елге түскен жарадан.

Неге десең, жалап жақын, шалғайды  
Жалын тілі сумандаса, сол — қайғы.  
Айналанды обып жатса ойран-от,  
Өз үйін де аман-есен қалмайды.

Неге десең,  
Сүзіп ылди, беткейді  
Серке-толқын баса-көктеп беттейді.  
Төңіректі түйіп өткен сол бір сел  
Саған да осы аяушылық етпейді.

Күркірмес бірікпесе күш-қару,  
Мүмкін емес жалғыз тұрып сұстану.  
Бір күні елбе...  
Бір қайықта отырып,  
Сол қайықтың тағдырынаа тыс қалу.

Сорлатқан жау көршілердің қонысын,  
Саған да кеп тірмекші жол ұшын...  
Елдің жанын өз жаныңдай,  
Ел қамын  
Өз қамындай ойлайтынын сол үшін.

## ҚУҒЫН

Асықпауға, аптықпауға жок себеп,  
Ақиқатты аңсап жүрген жақшы ел ел.  
Аяғы жел,  
Басы бұла уақытты  
Өкпем өше қуып келем өкпелен.

Ертектен желаякпен тешесер  
жағдайым жок.  
Жеткізетін емес ол.  
Зулағанда толқын бұзған кемелей,  
Екпінінен қақ жарылып жел есер.

Самғап кетіп бара жатыр дара, әне,  
Жақындату оңай емес араны,  
Тегеуірінді көкпаршыдай,  
Тек кетпей  
Арманымды алып қашып барады.

Қыр көбелеп, омыраулап ой жақты,  
Құлан-уақыт салып барад ойнақты.

Қай ауылға тастар екен  
Тақымда  
Көкпар болып кеткен арман бейбақты?

Қуып келем күдер үзбей соны іздеп,  
Мезгіл менен мұратымды егіз деп.  
Тұлпар мінген түлек едім,  
Кеткендей  
Мың салса бір баспайтұғын өгіз боп...

Жүйткіп келем,  
Ұйтқып келем дегенмен,  
Бекетім аз ат шалдырып бөгелген.  
Еншім менің — ертеңіме үмітім,  
Жұлдыз жауған қара барқын төбемнен.

Қуат күттім,  
Шуақ күттім әр күннен,  
Күнім болса, дүниеде бармын мен.  
Уақытты емес, бақытты емес,  
Өзімді  
өзім іздеп, өзім қуған жанмын мен!

### МЕЗГІЛ-МЕЖЕСІ

Мәңгілік не бар екен,  
Мәңгілік не бар екен?  
Бүгінгі қураған шөп — кешегі көгал екен.

Мәңгілік не бар екен?  
Тыңда жұрт, тыңда, мекен:  
Бүгінгі шөккен шоқы — кешегі шыңдар екен.

Мәңгілік не бар екен?  
Жаһанға жария етем,  
Бүгінгі шолақ өзен — кешегі дарня екен.



Мәңгілік не бар екен,  
Неден мен үміт етем?  
Бүгінгі бүгілген шал — кешегі жігіт екен.

Мәңгілік не бар екен,  
Неменен өлшеп өтем?  
Аралың Атыраудың адасқан бөлшегі екен.

Мезгілдің заңы қатал,  
Бастан күн озады екен,  
Мәңгілік марафонда мықтың да тозады екен.

Үзілмес жалғыз үміт:  
Сау болса дала-мекен,  
Дананың сөзі ғана тапжылмай қалады екен.

#### АТА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Ата, қайда барасың, ата, қайда?  
/Ата болған алаңсыз жата алмай ма?/.  
Шықтың ба әлде серіліп қайтайын деп,  
Шықтың ба әлде беріліп «шатақ ойға»?

Ғұмыр кештің неше жыл, неше белең?  
Көз алдыңнан дөгелеп көшеді әлем.  
Қарбаласып халықпен қайда тарттын,  
Көп жүрмейтін едің ғой көшеменен?

Жөнеп кеткен бәйбішең...  
Азаң жетіп,  
Қорғанына көп барып, қажалды етік.  
Тағы сонда соқпаққа жиналдың ба,  
Кесір мінез келіннен мазан кетіп?

Қолда таяқ, тоздырып табаныңды,  
Қайда тарттың мұң шалып қабағыңды?

Қалды ма әлде көңілің  
Кешіре алмай,  
Кекірт мінез, кердендеу жаман ұлды?

Қартайғанда өмір де бір сарынды,  
Бір сарыннан көңілге кір шалынды.  
Шер таркатып, сырласып қайтайын деп,  
Шықтың ба іздеп тұрғылас бір шалынды?

Бүгілмейтін дәл бұлай бұрын белің,  
Сүйенгенің таяққа — сүрінгенің.  
Қайда тарттың?  
Бір кетсең, бұл өмірге  
Қайта айналып келмейтін, пірім менің!

#### НЕ ДЕРСІҢ

Құлагерді аямай айбалтамен өлтірген,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Батырашты сол үшін тәубәсіне келтірген,  
Не дерсің бұл қазаққа?

Сау Біржанның ауру деп кісендеген білегін,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Сөйте тұра серінің тілеп жүрген тілеуін,  
Не дерсің бұл қазаққа?

Махамбеттей батырдың басын шауып тастаған,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Хан Жәңгірді сол үшін қаһарымен жасқаған,  
Не дерсің бұл қазаққа?

Тіпті алып Абайға ашу-қамшы сілтеген,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Сол данасын дойырдан денесімен бүркеген,  
Не дерсің бұл қазаққа?

Ілияс пен Сәкеннен сенімсіз деп үріккен,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Өзі өлтіріп соларды, өзі қайта тірілткен,  
Не дерсің бұл қазаққа?

Өзі кесіп өз қолын, өзі қайта өкінген,  
Не дерсің бұл қазаққа?  
Енді тарих көшінде адаспауға бекінген,  
Не дерсің бұл қазаққа,  
Не дерсің бұл қазаққа?!

### ОРЫН

Келгеннен соң өмірге, орының бар,  
Ойлы ұғып, ұқпайды оны мұндар.  
Орының бар.  
Алайда сол орынның  
Таптырмайтын кезі бар, соны ұғындар.

Келгеннен соң өмірге, ырысын бар,  
Қарекетің, кимылың, жұмысың бар.  
Ыдысына бірақ та ырыс өзі  
Құйылмасын ұғуға тырысыңдар.

Келгеннен соң өмірге арманың бар,  
Алғаның бар, ала алмай қалғаның бар.  
Арманың бар.  
Алайда оңайлықпен  
Асу бере қоймасын аңғарындар.

Мына өмірде көп өткел, көп сынақты,  
Меңзейін мен осылай дөп сұрақты.  
Ала білсең орның бар.  
Ала алмасаң,  
Орын түгіл, орындық жоқ сияқты.

## АДАМ КҮПИЯСЫ

Жан емеспін тойқұмар, көшеқұмар,  
Бүгін кермек боп кетті кешегі бал.  
Күдіктенгім келмейді,  
Бірақ, бірақ  
Шындығы бар өмірдің, өсегі бар.

Бұрынғыдан қалған жол, нұсқа бұлар,  
Тарпаң тағдыр тірлікке ұста қылар.  
Секем алғым келмейді,  
Бірақ, бірақ  
Достары бар өмірдің, дұшпаны бар.

Қызық дейсің шаттығы шайқап ұрар,  
Шыжық болып жүрмесін, байқа, бұлар.  
Сезіктенгім келмейді,  
Бірақ, бірақ  
Сұлуы бар өмірдің, сайқалы бар.

Жандармыз ғой шалқынған шынға құмар,  
Жүрегіңді тірліктің жұмбағы ұрар.  
Үрей қосқым келмейді,  
Бірақ, бірақ  
Занғары бар өмірдің, зынданы бар.

Көңіл алаң содан да, көңіл алаң,  
Қалай енді тынысты жеңіл алам?  
Сонын бәрі әлі де күпиянды  
Танып білмегендіктен сенің. Адам!

## ҒҰМЫР

Ғұмыр қысқа,  
Ғұмыр деген тым қысқа,  
Қысқа өмірде бола алады кім нұсқа?  
Уақыт орман болса, ғұмыр бір бұта,  
Уақыт құм-тау болса, ғұмыр бір мысқал.

Ғұмыр қысқа,  
Ғұмыр деген тым қысқа,  
Ақын болсаң ойды сомдап, тілді ұшта.  
Біреу оны жұмсап жатыр қоғамға,  
Біреу оны жұмсап жатыр тұрмысқа.

Ғұмыр қысқа,  
Ғұмыр шіркін тым қысқа,  
Қысқа өмірде қиянатқа тырмыспа.  
Біреу оны арнап жатыр игі іске,  
Біреу оны жалғап жатыр қылмысқа.

Ғұмыр қысқа.  
Ғұмыр шіркін тым қысқа,  
Тозған қария төзер ме екен бұл қысқа?!  
Жүз жас түгіл, екі жүз жас көп емес  
Адам үшін алтын айдар, нұр нұсқа.

Ғұмыр қысқа,  
Ұзап қадам басып бақ,  
Жастық күнің барады, әне, қашықтап.  
Кәрілік те жетер құшақ ашып қап,  
Мысқалынды төгіп алма қасықтап!

## ӨЗДЕРІНДЕЙ ПЕНДЕ

Барлық сөзім жарқын деп  
Айта алмай-ақ жатырмын.  
Бір жырымда алтын көп,  
Бір жырымда-бақырмын.

Шындығыннан бұлтарғым  
келмейді әсте,  
Осы — екпін.  
Кей күндері тұлпармын,  
Кей күндері есекпін.

Аузын бақтым ақылдың,  
Адал іске ортақпын.  
Қажет кезде батырмын,  
Қажет кезде қорқақпын.

Иыққа жүк мол арттым,  
Парызды ойлап алаңмын.  
Кең пейілге жомартпын,  
Кем пейілге сараңмын.

Емні қалай таба алдым,  
Аузы ашық жарамның.  
Адалдарға — адалмын,  
Арамдарға — араммын.

Барым осы қолдағы,  
Көп нәрсеге кендемін.  
Өйткені мен-дағы  
Өздеріндеі пендемін.

## СӨЙЛЕСУ

Ақымақпен ақымақ боп сөйлестім,  
Астарлы сөз айтып едім — ұқпады.  
Ақылдымен ақылды боп сөйлестім,  
Асыл сөздің арнасынан шықпады.

Тентекпенен тентек болып тілдестім,  
Жуас болсаң жүндеймін деп тұрғасын.  
Келтекпенен келтектесіп күн кештім,  
Деген оймен баса-көктеп ұрмасын.

Балуанмен балуанша қолдасам,  
Өйте алмасам, маңайына тақаман.  
Хайуанмен хайуанша болмаса,  
Адам болып тілдескенде не табам?!

Аспен атсам таспен атқан тасырды,  
Түсінбейді.  
Тайсалғаны деп білді.  
Ақ пейілмен тартқан адал асымды  
Қайтып алып, нтке төккім кеп тұрды.

Маған шағың бола бермес оған шақ,  
Тіл таппасаң — тірлігіңе қолбайлау.  
Аңмен аңша,  
Адамдармен адамша  
Ұғыспасаң қасиетін қалмайды-ау!

## АЛҒЫС ПЕН ҚАРҒЫС

«Қолдан келсе қонышынан басайық,  
Қолдан келсе көмейлете асайық» —  
деп жүр, эне,  
жеп жүр, эне, біреулер,  
Жүтқан сайын, құртқан сайын масайып.

«Қоғамнан жеп қоң байлана алмаспын,  
Жемесем де жер табанда қалмаспын» —  
деп айлығын қанағат қып жүр біреу,  
Айлығы сол — жүз сом болар,  
Болмас мың...

Алғашқы емес,  
Емес және ақырғы,  
Арам пиғыл ашындырар ақынды:  
Терін сауып тапты біреу жүз теңге,  
Ебін тауып мыңды біреу сапырды.

Думандатып дарақы өмір сүргендер  
Деп қиналмас:  
«Түрлен, дала, гүлден, жер!»  
О, жүз жаса,  
О, жүз жаса,  
Жүз жаса,  
Жүз теңгемен жан асырап жүргендер!

Диқан болса, диқаныңа кетпен бер,  
Дана жұртым, даналыққа беттендер.  
Зейнеті емес,  
Бейнетіне жолықсым  
Қанағатты белден басып кеткендер.

Бұл өмірдің бергісі мен арғысын  
Біле-біле, көңіл кейде қалды шын.  
Адалдықтар, саған — әлгі алғысым,  
Қараулықтар, саған — әлгі қарғысым!



## ГЕК

— Менің бабам пәлен болған — деседі,  
Қол жетпейтін әлем болған — деседі.  
Батыр болған,  
Бағылан болған,  
Бай болған,  
Көктен жерге әрең қонған — деседі.

Төре болған,  
Текті болған — деседі,  
Сөрөні алған,  
Бетті болған — деседі.  
Қастасқанын қыл тұзақпен қылғынтып,  
Қанып ішкен кекті қаннан — деседі.

Мыңғыратып мынды айдаған — деседі,  
Құл көгендеп, күң байлаған — деседі.  
Адам түгіл,  
Айтқанына көндіріп  
Алланды да ыңғайлаған — деседі.

Тегін айтып, түбін айтып кешегі,  
Есер жігіт ел алдында бөседі.  
Бабаларын ақтау емес,  
Шынында  
Өзін-өзі мақтау оның есебі.

Соқты жігіт...  
Мен сабырдан айрылдым,  
Дедім оған:  
— Жобаға кел, әй, құрбым.  
Тегінді айтып неге өзінді Ай қылдың,  
Бәріміз де ұрпағымыз маймылдың!

Шежіреден шыжым тартып, саумалап  
Шындықты айтса, қандай адам жау болад?

Амалсыздан солай дедім,  
Антұрған  
Атасын да жатқаннан соң саудалап.

Күйген сөз ғой,  
Кір іздеме бұдан көп,  
Тұрғаным жоқ мен маймылдан туғам деп.  
Бірақ әлгі ақымақтың бір түбі  
Маймыл тектес екеніне шүбәм жоқ!

### АУЫЛ КЕШІ

Қасым Орынбетовке

Жылдай күні әрең деп кешкіреді,  
Кешкірді ме —  
Самалдың есті лебі.  
Малды ауылдың ымырты азан-қазан,  
Алты қырдың астынан естіледі.

Баяғыдай көзге ыстық,  
Таныс бәрі:  
Екі ұялас күшіктің алысқаны,  
Енесіне бұзаудың жанасқаны,  
Ағытылған құлынның жарысқаны.

Бәрі таныс:  
Қозысы, саулықтары,  
Ақ әжелер, әженің жаулықтары.  
Бәрі таныс:  
Қос шалдың кездесіп қап,  
Жөн сұрасып, аулақта даурыққаны.

Қылыштай боп бозбала қынаптағы  
Ат суғара барады бұлаққа, эне.

2-141

43

Актогайско  
ЦРБ

Бәрі таныс:  
Желігіп жағал теке  
Жел қақтаған көнекті күлатқаны.

Сам жамырап,  
Кішісі, үлкендері  
Кешкі шайын алдына икемдеді.  
«Келді ме екен түк тапай мәлік келгір,—  
Киіз үйге, о несі, сүйкенгені?!»

Ел жататын осы бір тұста тағы,  
Бір жолаушы шылбырын ұстатады.  
Қонағыңмен қонақ боп ас ішкенше  
Атып қалар ауылдың қысқа таңы...

Жылына бір келетін демалысты ап,  
Барып қайтам, баяғы жобаны ұстап.  
Бәрі жақын жаным,  
Сол жақыннан  
Кеткендеймін тек қана мен алыстап.

## ШОПАН

Сенен артық мықты жоқ далада бұл,  
Сескентпейтін ақ боран, кара дауыл.  
Үлкен үй боп ауылда өзін қалдың,  
Шыққан кезде отау боп қаладағы ұл.

Есесі сол — еңбекке сүйенгеннің,  
Ел алғысын бөктеріп, сый өңгердің.  
Ағайында жоқ кейбір мүмкіндікті  
Алабөтен сен жалғыз немдендің.

Сенен ерте тұрған жоқ, сірә, таңың,  
Сергектікті осы бір ұнатамын.

Басқаларда меншікті бір ат та жоқ,  
Өзіңнің бар екі-үш ат, бір отарың.

Табиғаттың шыныққан қайнауында,  
Тазалық та қыр қонған қойлы ауылда.  
Баяғыдай бар сенің өз күзегің,  
Баяғыдай бар сенің жайлауың да.

Айтар болсам тіл майын тамызып мен,  
Қараша үй жоқ, құрымын тамыз үккен.  
Алты қанат ақ орда сенде ғана,  
Дөдегелеп жаптырған ақ үзікпен.

Үлесі бар өзіндік көршінің де,  
Мейлі, берем десе де енші кімге.  
Өз құдығың өзіңнің қарауыңда,  
Өз қыстауың өзіңнің меншігіңде.

Канжығанда — термос, шай... «ас үй» деген,  
Ер қасында «қобдидан» тасиды өлең.  
Бірде атпен қайырсаң отарыңды,  
Қайырасың, ал бірде машинамен.

Аптаптарда ақ тер боп ағып жүрсің,  
Ақпандарда мұз-бұршақ тағып жүрсің,  
Ақтылы қой дегенің әшейін сөз,  
Ар-абырой дегенді бағып жүрсің.

Кемел дала талайдың көшін көрді,  
Көнерген сөз құлаққа тосын ба енді?!  
Қасиеттеп жұрт саған  
Киесі бар  
Шопан ата деген де есім берді.

Алайда сен мынаны сезіндің бе,  
Ел сенімі ауыр жүк, көзіңді ілме.  
Көп алғансың халықтан,  
Сол халыққа  
Қайтарарың көп болсын өзіңнің де.

## ҰСТАХАНАДАҒЫ ЖАЗУЛАР

\* \* \*

Қайнай-қайнай тіршіліктің қазаны,  
Қайран өмір бір күн бастан озады.  
Қайрақ осал, шындығында, болаттан,  
Болат пышақ бірақ сонан тозады.

\* \* \*

Ырза болған өңірім  
Өнеріме жалғасқан.  
Суын тапқан темірім  
Кем болмайды алмастан.

\* \* \*

Қиын дейсің балғаға, қиын дейсің төске де,  
Қызметі сол болса етпейді ғой ештеңе.  
Жазалағыш «жендетті» аяғанша беталды,  
Мүсіркеген жөн шығар таяқ жеген металды.

\* \* \*

Бас көрікті! Желіктірі!  
Ұшсын ғүлеп мол жалын.  
Қасиетті көрік бұл —  
Бабасы ғой домнаның.

\* \* \*

Ортақ болып ырысқа,  
Олқы ісінді дұрыста.  
Бір ауылда — мың темір,  
Мың темірге — бір ұста.

\*\*\*

Көрік оты сөнбейді,  
Қыздыра соқ, алма дем.  
Қалайың да көнбейді  
Коркытпасан балғамен.

\*\*\*

Шойыны не, жезі не,  
Шеберлікке сайғанда ой.  
Біз соғудың өзі де  
Бітіспейтін майдан ғой.

\*\*\*

Нобайсыз кетіп шарқ ұрсаң,  
Нұсқадан болсын зауалың.  
Шарболатпын деп шалқисаң,  
Ұстадан болсын зауалың.

\*\*\*

Қиындықты қолдасып,  
Қисынды іске бол машық.  
Бір қылыштан — он қайшы,  
Бір қанжардан — он қасық.

\*\*\*

Тер қадірін сезінбей,  
Тектілікке көшпейді Ер.  
Ұста болсаң — өзімдей,  
Төзім болсаң — төстей бол!

## АЙЛЫ ТҮН. АЛАТАУ.

Алатаудан келеді Ай домалап,  
Аппақ нұрға боялды сай мен алап.  
Жымың қағып жұлдыздар үніледі  
Ақбұлақтың бетінен айна қарап.

Бабында бел,  
Балбырап бабында бак,  
Сүттей сәуле тау басын лағылдамақ.  
Ай домалап келеді,  
Анда-санда  
Ала шыңның басында дамылдап ап.

Жарық күннің ғұмырын қысқарта алман, —  
Дегендей-ақ қою түн түсті арқамнан.  
Ай домалап барады аспанға өрлеп,  
Алатаудың өзінен старт алған.

Кең әлемге көрсетпей қырыс қабақ.  
Көкжиектен Күн шықты нұр ұстап ап.  
Боп-боз болып сол сәтте сөніп кетті  
Көкте жүзген түнімен күміс табак.

## ТЕРЕҢ ТАМЫР

Достығындай орыс пенен қазақтың —  
Достықты мен дей аламын аз-ақ тым.  
Олар бірге балын татқан бақыттың,  
Олар бірге уын татқан азаптың.

Олар сонау қиын кезде жалғасқан.  
Бұл жөнінде тарих та бар,  
Бар дастан.  
Мәңгі-бақи туысуға екі жұрт

Сөз берісіп,  
Сертке сүйген алдаспан.

Жау тигенде ата мекен — қонысқа,  
Тығырыққа тірелгенде соғыста,  
Ұлтын сақтап қалу үшін бабалар  
Басқаға емес,  
Сеніп барған орысқа.

Арқа сүйер айбарынды тапқанша,  
Адам өліп,  
Арам қатты ат қанша.  
«Жан қысылса іздер деген жақынын»  
Жақындар ма ек, олар егер жат болса?!

Жуық тартып сонау көне ғасырдан,  
Күшәк болды бір-біріне ашылған.  
Келісті орыс  
Қазақпенен достыққа,  
Бөлісті өріс  
Өнер, білім асылдан.

Содан бері төкті талай талай нұрын күн,  
Нұр шуаққа армансыз мен жылындым.  
«Орыс-қазақ» болып кетті бүгінде  
Қос сөзіндеі менің ана тілімнің.

Тіпті-тіпті тік салып тіл — тебенді,  
Туралығын айтар болсақ тегі енді:  
Жні айтамыз көніл қалса қазақтан  
«Қазағыңнан орыс жақсы» дегенді.

Заман тыныш,  
Жайқалып тұр желегім,  
Адам тыныш,  
Кіл жақсылық көрерім.



Ауыр кезде табысқан сол достықты  
Жеңіл ұғу — жеңілтектік дер едім.

Кенен жұртпен серіктесіп, селбесе  
Күн кеше ме халқың егер сенбесе?  
Бабаң тіккен туыстықтың сол туын  
Бәрінен де биік көтер, ендеше!

### ҚАРЫЗДАРМЫН

Бұл күндері қуанышқа толы өмір,  
Сол шаттығын көтеріп жүр әрең ұл.  
Сөз алдында болса егер сәл еншім,  
Өз алдында қарыздармын, о, өмір!

Қара басын күйттеп жатса надандар,  
Халық қамын ойлайтындай шамам бар.  
Кісілік бір бейнем болса,  
Сол үшін  
Алдарында қарыздармын, адамдар.

Тіршілікте тарам-тарам бұтақ бар,  
Дей алмаймын бұтаққа да жұтап қал.  
Ізгілікке бұрып тұрса бүйрегім,  
Борыштар да шығармын-ау кітапқа әр.

Қарыздармын өзіңе де, бақ-шыбық,  
Балғын сәтті кеткем саған тапсырып.  
Күнәһар күн сезінемін,  
Кей күнім  
Кетер болса жасамастан жақсылық.

Міндетім бар алдында да, Ел, сенің,  
Еңбек етем шығып содан сел-селім.  
Арттың маған нар көтермес сенімді,  
Қарыздар қып келе жатқан сол сенім.

Саған да мен қарыздармын, аспан-ау,  
Саған да мен қарыздармын, тастар-ау.  
Саған да мен,  
Саған да мен,  
Саған да...  
Қарыздар ем,  
Соны ұмытсам масқара-ау!

Керек кімге түйіні жоқ дөкей дау,  
Керек бізге көптің қамын жете ойлау.  
Адам тегі, адам тегі  
Парызын  
Қарыздар боп жүріп қана өтейді-ау!

## ТУЫСҚАН

Мен ешкімді көрген емен алалап,  
Кешіре алам,  
Кетіп қалсаң сәл ағат.  
Арың адал болса, маған қанағат,  
Жаның адал болса, маған қанағат.

Адам болсаң арман үшін қызынған,  
Ашам құшақ,  
Татқызып дәм-тұзымнан.  
Бәріміздің арымыз да аппақ ар.  
Бәріміздің қанымыз да қызыл қан.

Өмір сүрсең адамзаттың күні үшін,  
Өгейсімей бірге соғар тынысым.  
Үлкенсің бе, —  
Кім болсаң да ағасың,  
Кішісің бе —  
Кім болсаң да інісің.

Олай болса, «сен дән,  
ал сен кебек» — деп,  
Кімдер осы жүрген бізді бөлектеп?!  
Бәрімізге адалдықтың ақ сүтін  
Емізген-тін қайран ана өбектеп.

Содан ба екен, кісіліктің көлемін  
Шектей алмай шеру тартып келемін.  
Нәсіліне қарап бөлмей адамды,  
Асылы не? —  
Соған қарап бөлемін.

Алаңдамай бірлі-жарым тіл үшін,  
Адам тілін ардақ тұтып жүр ішім.  
Ұлысыңның бөлектігі сөз емес,  
Ұғынықты болып жатса ұлы ісің.

Ізгі жолда болу үшін қадам нық,  
Қара Жердің камын ойлап қабардық.  
Бәрімізге Адам деген ат ортақ,  
Олай болса, керек ортақ Адалдық!

## ЖАСТЫҚ

І. Жастық!  
Саған жас болып не беремін?  
Осы сұрақ — маңайым, төңірегім.  
Не беремін өзіңе,  
Бергенім сол —  
Бір бағыңда бүршік боп көгеремін.

Даңғойлықты додалып, дойырлаған  
Мен жүргенде қыр да аман, ойың да аман.  
Жастық!

Сенің алдыңда парызым бар,  
Қарызым бар қарттарша мойындаған.

Алда — арман,  
Алда — үміт,  
Алда — сағым.  
Таусылғанша тал түсім, талма шағым.  
Қолдасамын халқымның керек тасын,  
Жапандарға жол болып жалғасамын.

Жастық!  
Сенен қосылды қуат маған,  
Жігерімен жасарып туат да адам.  
Берерім көп өзіңе.  
Бірін берсем,  
Бірін беріп үлгірмес сияқтанам.

II. Түске дейін шашынды былай тарап,  
Түстен кейін шашынды былай тарап,  
Суретке де түсіппіз.  
Енді соны  
Егде көзбен отырмыз сынай қарап.

Жасың сонда — сұрама — нешеде — деп,  
Сездірместен әкеге, шешеге де  
Ернімізге қыстырып қызыл шоқты,  
Шығағынбыз ыздып көшеге де.

Содан сезім перненің қылын қағып,  
Би алаңнан басқаға бұрылмадық.  
Бүгін мына тұлымға өліп-өшіп,  
Ертең ана бұрымға қырындадық...

Ескерткішін өткен күн қойды қалап,  
Ақын болдық от жанар,  
Ойлы қабак.

Той қуалап басталған қайран жастық,  
Кетеді екен ақыры ой қуалап.

III. Жиын жерде кететін бастап ойын  
Жастық жолын қалайша таста дейін.  
Бұла шақта көп нәрсе кешірімді,  
Кешірімді  
Кемелдік жасқа дейін.

Кешірімді гүл бақта «бұғынғаның»,  
Кешірімді қыр жақта қыдырғаның.  
Жапырақты жамылып жалын жұтып,  
Гүл ерінің татқаның шырын дәмін.

Ал, отыздың өріне өрлегенде  
Не жетеді мықтап бір терлегенге?!  
Халқың сені күтеді мәреден де,  
Халқың сені іздейді кермеден де.

Бақ қалады басқаға орын болып,  
Шақ қалады түсетін ерінге еріп.  
Толғанасың тоқжарау көңіліңмен,  
Ойланасың өмірдің өрін көріп.

Секілденіп өзіңе-өзің бөтен  
Серпілесің ой — анық,  
Сөзің — бекем.  
Нағыз жастық найзадай шынға қарап,  
Шықсам-ау деп ширығар кезің бе екен?!

IV. Жарқын жастық!  
Теңейін неге сені,  
Баламаның сен десем жоқ есебі.  
Жұлдыздарға теңер ем,  
Жарық жұлдыз  
Көз алдымда жалт етіп көп өшеді.

Өткірлігің алмастың жүзі ме еді,  
Көп тірлігің көктемнің ізі ме еді?  
Қызыл гүлге теңер ем,  
Қызғалдағың  
Қызық үшін кей кезде үзіледі.

Білегіннен бір тентек тыйылады,  
Жүрегіннен бір жалын құйылады.  
Жасыл баққа теңер ем,  
Жаз өткен соң  
Жапырағы оның да сұйылады.

Сан теңеудің, сал жастық, кезіп елін  
Бақытынан баянсыз безіп едім.  
Өзі қысқа, әлде сол, өзі қызық  
Өте шығар дәуреннің өзі ме едің?!

V. Қарлығудан сау кезде даусың әлі,  
Күміс үн боп көмейден жаушы, кәне.  
Жастық та бір күш көзі.  
Мезгілі өтсе  
Тұтынылымай тұрса да таусылады.

Асау ұлға айналып ұяң ұлдан  
Ақбозынды қарғытшы қия-қырдан.  
Жастық та бір тұлпар шақ,  
Түбі күні  
Тұлпарың да қалады тұяғынан.

Жайдары шақ, күтіп тұр жүлде сені,  
Жүлделі іске жұмсайық күнде сені.  
Жастық та бір пері шақ,  
Пері шақты  
Пенсионер боп өткізсең кім кешеді?

VI. Жастык бастан көшпейтүгын секілді,  
Жанған сезім өшпейтүгын секілді.  
Қара шашың — қарағайдың ішіне  
Ақ қайындар өспейтүгын секілді.

Жаның сері — сал боп туған секілді,  
Жайсаң өмір әні көп думан секілді.  
Біздер ғана жігіт болып,  
Ал, шалдар  
Әуелден-ақ шал боп туған секілді.

Тізең мәңгі талмайтүгын секілді,  
Бетінді әжім шалмайтүгын секілді.  
Кәрі әжелер:  
«Бір заманның бір деген  
қызы едік» — деп алдайтүгын секілді.

Бізсіз өткен ойын да оғаш секілді,  
Бізсіз өткен тойың да оғаш секілді.  
Жастық қой бұл.  
Жастық деген морт кетер  
Мезгілді де мойындамас секілді.

VII. Гүлдеп берсе, кәрі ағаш та жас ағаш,—  
десем егер, теңеу деме аса оғаш.  
Жығып берсе қарт балуан,  
Сол — жастық,—  
десем егер, көңілге жоқ қонбас түк.

Озған тарлан жас жүйрікке бергісіз, —  
десем де мен,  
дауласпаңыз енді сіз.  
Жалқау жастан қутындаған кәніңіз  
артық, — десем,  
Бұл сөзге де наныңыз.

Жастық, қарттық —  
Екеуі де шартты ұғым,  
Жас жалтақ па?  
Амалсыздан қарт мығым.

VIII. «Оңалатын күн — алда,  
Дем алатын күн — алда,  
Сүңгіп кетіп тыныштық деген тылсым мұнарға.  
Шамаң жетсе, ал, бүгін шарықта да шығанда,  
Жауап іздеп жұмбаққа, көз жеткізіп күмәнға.

Қалжырайтын күн — алда,  
Маужырайтын күн — алда,  
Жастық шақта жастыққа жантаюың күнә онда.  
Қарттық — қатал профессор.  
Тергегенде  
Тырандап  
Тұрып қалсаң,  
туысқан, өлген артық бұдан да».

Үйімын да осы ойға,  
Алақаным алынып,  
Гыныстауды тәрк етіп, тер төгемін малынып.  
Жұмысыңның тағы бір аты болса, жастық — ол,  
Демалыстың тағы бір аты болса, — кәрілік!

IX. Жарау шақта жау кудым,  
Жарағымды байланып.  
Жырау шақта дау кудым,  
Сөзсайысқа сайланып.

Бар өмірім, тегінде,  
Тіресумен өтіпті.  
Жау тоқтаса,  
Менің де  
Тоқтар кезім жетіпті, —



деп қарт батыр бел шешіп  
қалғып қана кеткен-ді.  
«Бұзылды — деп, ел шеті»  
Жайсыз хабар жетті енді.

Батыр шошып оянып,  
Атқа жайдақ ырғыды.  
Тұра алмады аял қып,  
Түн қойнына сүңгіді.

Ортасы деп, шеті деп  
Шолатұғын шақ па енді?  
Шыға шапқан бетінде  
Шоғыр жауға тап келді...

Жасағы да жалаулы  
Жеткен кезде өрт болып,  
Қайран кәрің қамауда  
Кеткен еді мерт болып.

Өнеге боп артқыға  
Өлді ол ерлік ұранмен.  
Міне, осындай қартты да  
Қыршын жас деп ұғам мен.

Х. Жатырқап тұрған ойынға  
Жылылық беріп, жан беріп,  
Жасампаздықтың тойында  
Жырлайды жастық ән болып.

Үлесін ойлап ертеңнің  
Ілгері тартқан елге еріп,  
Алдында тұрса мартеннің  
Ағады жастық тер болып.

Сапында құрбы-құрдастың  
Салтанат, сәулет құрып көп,  
Паркке барса бұл жастық,  
Кетеді қыз бен жігіт боп.

«Айналдым», — десе күні-түн  
Алыстан ата-ана кеп,  
Баласы барын ұмытып,  
Кетеді жастық бала боп.

Жүрекке сыршыл жақын кеп,  
Сезіммен сылқым сөйлесіп,  
Жалғыз бір қалса,  
Ақын боп  
Жүреді жастық ой кешіп.

Айтулы актеріңе де  
Оңайға түспес бұл өзі.  
Осылай жүз бір рольде  
Ойнайды жастық бір өзі.

### ТОЙБАСТАР

Айтсақ, жұртым, шындығын,  
Ашып көңіл түндігін,  
Ақ түйенің қарыны  
Ақтарылар күн бүгін.

Ұлың қонбақ ұяға,  
Қызың қонбақ қияға,  
Осынша мол қуаныш  
Бір кеудеге сыя ма?

Олай болса, тұрмандар,  
Ойнап-күлер думан бар,

Қыздырындар бұл тойды,  
Қызық үшін туғандар.

Күнің жарық, таңың ақ,  
Шаттығың жүр жамырап.  
Баласымен биіктер  
Баба тіккен шаңырақ.

Айырбастап жүзігін,  
Айтып көңіл үзірін,  
Жарасыпты екі жас,  
Жаңаша ұғып қызығын.

Жақсы ниет жата ма,  
Жайып қолын батаға  
Екеу болды бір балақ,  
Шүкірлік ет, ата-ана.

Жарық етіп маңайын,  
Жырдың шамын жағайын.  
Құрмет алып қос жасты  
Қолтықтандар, ағайын!

Заман жаңа, той жаңа,  
Адам жаңа, ой жаңа.  
Ата салтын, алайда,  
Аттайды деп ойлама.

Ұлық өссін деген ол,  
Қызын өссін деген ол.  
Бақыт тілеп балаңа,  
Үрпақ қамын жеген ол.

Ақ отаудың көркі деп,  
Ақ некенің серті деп,  
Бастап тұрған тойынды  
Менікі де сол тілек.

Болсын ата-ана мээ,  
Болсын бауыр, бала мээ.  
Ал, ағайын, той осы —  
Шаттығы мол,  
Шарабы аз.

Ән төгілер нөпір боп,  
Күй төгілер лекілдеп.  
Қос жүректі жалғайды,  
Қалқыған би көпір боп.

Қонақ-қауым, берме сыр,  
Өз үйіндей кең көсіл.  
Дастарқан кең.  
Ал, көңіл  
Одан өткен көл-көсір.

Олай болса,  
Алаңдар  
Түк те жоқ деп санаңдар.  
Той басталды, тойларын  
Тойға ұласын, жарандар!

### ЖЕҢІС ЖОЛЫ

Жұмыс бер маған,  
Төр берме.  
Отауын ойдың бүтіндеп,  
Толғанар сәтім келгенде  
Тоқтауға менің құқым жоқ.

Ондайда өрттей өлеңнің  
Өрісін іздеп, мекенім,  
Тұрмыси тірлік дегенді  
Түгелдей талақ етемін.

Көрінбей тұк те көзіме,  
Құп алып сезім бұйрығын,  
Басқалар түгіл,  
Өзіме  
Өтпейді мені билігім.

Киуын ойдың табуым —  
Кеудемнен өткен көп ұрыс.  
Ертеңгі қатты шабуыл —  
Бүгінгі сәтті шегініс.

Мұныма келіс, келіспе,  
Меңзейтін болсақ төтесін:  
Өмірде кейбір жеңіске  
Жеңіліп жүріп жетесің.

Арманды қуып көз ілмей,  
Ағызып жүріп ат терін,  
Жеңілген кезім сезімнен —  
Жырдағы жеңген сәттерім.

### СОҚПАҚТАР

Алғыр ойдың зердесі  
Аңдар болса тоқтап кеп:  
Не көп десең,  
Жерде осы  
Шиыр-шиыр соқпақ көп.

Тұнық деген өрісің  
Толып кеткен шимайға.  
Жаратылып сен үшін  
Жан баспаған тың қайда?!

Серпін көңіл күмәнін  
Соны ғой деп дүркіреп,

Жетіп келсе,  
Шығады  
Біреулердің жұрты боп.

Ойдың осы адалы,  
(Адалға кім салмақ дау?)  
Адамзаттың табаны  
Тимеген жер калмапты-ау!

Шимай сүрлеу ығыр кып,  
Шығара алмай  
(Сөзді аңғар)  
Тұлпарлар да титықтап  
Тұрып қалған кездер бар.

Қалғып тұрған құм жонның  
Койнында ескі жол бұққан.  
Өнерде де тың жолды  
Тез таппауың сондықтан.

## ОЙ

Тіршілікте болмай тұғын толасы,  
Ой, білемін, осы өлеңнің анасы.  
Ойлантады біреулердің сарайы,  
Ойлантады біреулердің моласы.

Ойлантады орынсыздық бір кіші,  
Ойлантады ертедегі құл күші.  
Ойлантады бәз бір жанның көз жасы,  
Ойлантады озбыр жанның күлкісі.

Өсіп кеткен көкірегі,  
Өркеші,  
Ойлантады біреулердің еркесі.

Ойлантады ғұламаның маңдайы.  
Ойлантады арамзаның желкесі.

Теңін тартқан ұбақ-шұбақ ой көші —  
Керуеннің құмда қалған бейнесі.  
Соның бәрі ой салады.  
Соқында  
Ойсыздығың ойлантады кейде осы...

### ПЕНДЕЛІК

Тірліктегі көл-көсірлік, жайлылық,  
Тұмшалайды-ау көзді кейде май қылып.  
Содан ба екен,  
Қуанбасқа қуанып,  
Қайғырмасқа жатамыз біз қайғырып.

Сәл нәрсеге тапшы болсаң, ар көріп,  
Тұрса дейсің бәрі алдымда бар болып.  
Біреу жүрсе асыл тасты арман қып,  
Біреу жатыр тіршілікке зар болып.

Біреулер жүр күлгендерді жылатып,  
Біреулер жүр жылағанды жұбатып.  
Біреулер жүр,  
Бүгін өлген досының  
Бетін жаппай ер-тоқымын сұратып...

Жақсылар жүр сені өзімен тең көріп,  
Жамандар жүр астамдыққа дем беріп.  
Алдыңғының атын айтсақ — Адамдық,  
Соңғысының атын айтсақ — Пенделік.

Шаруам аз — кім ұтылды, кім ұтып,  
Әділдіктің болмайды тек құны түк:

Патшаны да, пақырды да,  
Ажалдың  
Теңейтінін кетсек егер ұмытып.

Тіршіліктің бар мазмұнын тамаша  
Тұшынар ед адам сонда жаңаша:  
Жанталасып жатқан жанның көзімен  
Жарық күнге ақтық рет караса.

### ТОҒЫШАРЛЫҚКА ТОСҚАУЫЛ

Хас жүйрікте болған емес қырым ет,  
Қырым етсіз жаратыпты күдірет.  
Көрген тұғыр Құлагердің қу басын,  
Май басынан қымсынса ғой бір рет.

Шөп пен суын шектеген жоқ жан адам,  
Құр жіберді,  
Ер салған жоқ және оған.  
Текті тұлпар бабын сақтап сонда да,  
Текке тоймай,  
Бауырынан жараған.

Оған бітіп көрген емес май дене,  
(Май денені шын тартысқа сай деме.)  
Қайран күлік қапы қалмауды ойлаған,  
Кашан қосып жіберсе де бәйгеге.

Топқа салса жарып шықсам деп күткен,  
Отқа салса жанып шықсам деп күткен.  
Оққа салса...  
Үстімдегі батырды  
Аман-есен алып шықсам деп күткен.



Солай болған.  
Салды деме жырға зіл.  
Тұлпар аз да, тұғыр болған тұлға жүр.  
Ат бәйгелер сиреді де  
Жарыстың  
Жай түрлері жалау тігіп түр қазір.

— Алатаудың елестетер айбатын  
«Қайратыңда» болмай қалды қайратың.  
Бұл да бәйге.  
Біздің әлгі банкерлер  
Осылайша жарата ма бәйге атын?

Деді кеше намыстанып бір аға,  
(Қызу қанды жанкүйер-ау, сірә да).  
Естіген жан жауап қоспай тұра ма?  
Деді бірі:  
— Бүтін емес, құрама.

Деді бірі:  
— Биыл аса үмітті ем,  
Деді бірі:  
— Үмітімді үгіткем...  
Деді бірі:  
— Не күтуге болады  
қозы қарын байлап алған жігіттен?!

Копарылып сонда менің қайдағым.  
Шүп-шүп етіп ойға толды оймағым.  
Ат семірсе соғым болар.  
Футболшы  
семірсе егер не болар деп ойладым.

Қайдан болсын «Қайратымда» қайратың,  
Кей жігіттер бөгіп алса майға тым.

Қайдан озсын,  
Камау тері алынбай  
Қосылса егер тоқ күйінде бәйге атың?!

Хас жүйрікте болған емес қырым ет,  
Қырым етсіз жаратыпты құдірет.  
Көрген жандар Құлагердің қу басын  
Май басынан қымсынса гой бір рет.

Шын дүлділге үміт — еңбек,  
Үміт — тер,  
Тұлпар терін қасиеттеп үгіпті ел.  
Қазысы бар ат шапқанын көргем жоқ,  
Ойларыңдар, қозықарын жігіттер!

#### ШУАҚ

Күн кірпігін ашты ма,  
Нұрлы күндер жетіпті.  
Зеңгір көктің астына  
Шуақ толып кетіпті.

Қар суына  
Жұтқанда  
Қанбайтындай Жер тіпті.  
Қу ағаштың бұтағы  
Қуаныштан бөрітп тұр.

Ару күннің көзіне  
Бойы балқып, елтіп бір,  
Қарі еменнің өзі де  
Жастық күйін шертіп тұр.

Күн күркіреп жауа ма?  
Жауса,  
Далам, түледің.

Ақ қайың түр ауаға  
Асып тастап білегін.

Қиялдатып басты мен  
Көктем іздеп асығам,  
Аяғымның асты мен  
Ағаштардың басынан.

Ал, ол болса жоқ әлі,  
Жоқ — жаныма дауа көк.  
Самал болып соғады.  
Желпінеді ауа боп.

Бәрі дайын.  
Дүр етіп  
Түлеу үшін беткей-қыр.  
Тек сәби боп шыр еткен  
Бүршік қана жетпей тұр.

#### ҚИРАҒАН КӨҢІЛ

Қағысқан бір төс едік,  
Қаулап тұрар қалжыңы.  
Ағайын ек, дос едік,  
Араласқан қан-жыны.

Ауыр сөзді төпелеп  
Айтқаннан соң қуысып,  
Жақын едік, не керек,  
Кеттік мүлде суысып.

Татулыққа шақырып  
Келмеді ешкім табанда.  
Жай түсіпті ақыры  
Достық атты қамалға.

Соққанда сарт етіп бір  
Сойқан сөздің сақпаны —  
Опырылып кетіпті  
Жанымыздың жақпары.

Сол жақпарды орнына  
Кеттік біздер қоя алмай.  
Қойсақ...  
Қирап қол мына,  
Алақанды оярай.

Түк жоқ еді,  
Тыңғанда  
Ашу отын көсемей.  
Мінсіз көңіл, міне, енді  
Күрсуланған кеседей.

Айғай тынып, анық бір  
Болса дағы кешіру.  
Мүмкін болмай қалыпты  
Жан сызатын өшіру.

Сынық көңіл әр шақта  
Сыздап кетіп, сол батты.  
Алтын құрсау салсақ та,  
Алғашқыдай болмапты.

Достың жанын түтін қып,  
Демде қалай ақталам?  
Колдан келсе,  
Бүтінге  
Сызат салмай сақта, Адам!

## АДАСҚАН АЙ

Пердесін бұлттың жай сырып,  
Перизат сынды бір керім  
Астынан бұлттың Ай шығып,  
Көрсетті жерге нұрлы өңін.

Жер беті жарық, жайлы әлем,  
Түніне жаздың кім мұздар?!  
Тенесе алмай Айменен  
Көмескі тартты жұлдыздар.

Түтігіп бұған кетті Күн,  
(Табиғат, неткен шеберсін)  
Күнсіз бір күйі жоқтығын  
Ұмытқан Айға не дерсің?..

Айтылған мысал тегін бе,  
Ақиқат сөзді құп алам.  
Аз емес мынау өмірде  
Ай-пенде менен Күн-адам!

## МЕЗГІЛ ЖЕТТІ

Жер!  
Сенің әрбір жонын, жотаң аңыз,  
Көрмеген қорлығың жоқ, атамаңыз.  
Су іздеп сүңгілейміз сүйменменен,  
Кен іздеп оқ-дәрімен қопарамыз.

Боп жүріп жыртығынды бүтіндеген,  
Бөлеміз бүтіңді үкімменен.  
Озонды оттегіңді жұтамыз да,  
Орынын толтырамыз түтінменен.

Кесеміз, қажет болса, ағашыңды,  
Тесеміз тауыңды, не ала шыңды.  
Жыртамыз жондарыңды егін егіп,  
Қырқамыз қияғыңды...  
Жақ ашуды  
қойдың сен.

Адам құсап ішің көнген,  
(Асқақтап не шығады ісінгеннен?)  
Өзіңнің игілігің үшін кейде,  
Өзіңді мазаларын түсінгеннен.

Төсінде талай ғасыр көшіп өтті,  
Тексіздер төр басыңды есік етті.  
Сан рет қансырадың,  
Жан сұрадың.  
Сойқанның соғыс атты несі кетті?

Міндегім парызымнан өтелу деп,  
Тірліктің түтіні үшін от өру деп,  
Жер болып жаралғалы бас міндетің  
Келеді бәрін-бәрін көтеру боп.

Аркалап адамзаттай озғын лекті,  
Сан ғасыр ана-мейір көз де ілменті.  
Табанда жатқан сені  
Тік көтеріп,  
Әлпештер адамға да мезгіл жетті.

### АДАМ ЖАНЫ

Адам жаны, көп екен қалтарысың,  
Адам жаны, көп екен арпалысың.  
Айтамысың сен маған көп шыныңды,  
Көп сырынды сен маған сарқамысың?

Біреулердің бойына қылығы шак.  
Ал, біреулер шытынар шыны пышак.  
Жалғыз сәтте жүз рет құбыласың,  
Жарык түскен алмастың қыры құсап.

Көрсетіп жүр біреулер кендігінді,  
Өлшетіп жүр біреулер кемдігінді.  
Анау жанға адал деп алғыс айттық,  
Арылтады екенбіз енді кімді.

Адам, адам!  
Сен неткен күрделі едің,  
(Күрделіңді оңай деп жүрген едім.)  
Біріңнен Күн,  
Біріңне Түн көремін.  
Бірің пасық, пәк болсаң бір бөлегің.

Жарыстырып жақсыны жаманменен,  
Алыстырып жүйрікті шабанменен,  
Бір тауменен бір тауды өлшегендей,  
Салыстырар адамды адамменен!

## ҚИЯН

Алғаш жырды жазғанмын атақ көріп,  
Мақтан, мадақ аулына тақап қонып.  
Асығыс іс ақыры кетті мені  
Абыройдың алдында матап беріп.

Жазған сайын жалындап, желпінген ем,  
Жайқын суда жүзгендей еркін кемем.  
Ойлай-ойлай кеудемде сөз дарыпты,  
Қозданыпты...  
Қалың бір өртін көрем.

Сол өрт бүгін жанымды күйдіреді,  
Күдіретіне басымды ндіреді.  
Шын махаббат осындай болады деп,  
Алауына ернімді сүйдіреді.

Алау, алау, алаудан күйген ерін,  
Ару-жырдан мен сондай сый көремін.  
Күлдірген ерніммен үрлеп ұрттап,  
Сусыннан да сап-салқын именемін.

Жас құлындай басында жүрдек едім,  
Енді бүгін митындап күн көремін.  
Шын сынақтың таппадым дәл жауабын,  
Мың сұрақтың таппадым бір дерегін.

Жігерсізді дейтіндей мазақ етем,  
Жапан дала қолтығын жазады екен.  
Ит арқасы қияны иек асты  
көретұғын  
Икемсіз қазақ екем.

Жұмсақ емес бұл шеру түбіт сынды,  
(Жақсылыққа жетпейсің бүгіп шынды.)  
Қалың құмның қойнына кіріп алған  
Өлең де бір таптырмас құдық сынды.

Азап сапар,  
Ауыр жол екен мүлдем,  
Жыр жазуды жеңіл деп бекер білгем.  
«Ашпайтұғын есікті» ашып кірген  
«Мың бір түннің» мұндары екенмін мен!



## ЖҰМЫРЛЫҚ ПЕН ТҮТАСТЫҚ

Бар өлеңнен күтетінім — жұмырлық,  
Бар әлемнен күтетінім — тұтастық.  
Жұмыр Жерді шырк айнала жүгірдік,  
Жүгірдік те,  
Бақыт таптық, құт аштық.

Барлық бастан күтетінім — жұмырлық,  
Жұмырлығы ойдың және ақылдың.  
Жып-жинақы тұтастықты тұғыр қып,  
Жарық нұрын төгіп бара жатыр Күн.

Жер де жұмыр,  
Жүрек жұмыр,  
Әлемге  
Қарлығаштай канатымен су себер.  
Жұмырлық бар әр өлеңде, әр әнде,  
Жан толқытып, жүрек тербеп туса егер.

Жұмыр ойдың бесігінде тербелем,  
Бетімді де жұмсақ самал желпиді.  
Туларым да тұрып қалмай,  
Желменен  
Желбіреді, жұмырлана толқиды.

Бар тілектен күтетінім жылылық,  
Бар жүректен күтетінім ізгілік.  
Қашан болсын әділетке жүгіндік,  
Көңілдердің бір-бір Күнін жүздіріп.

Түгесіліп таусыла ма тірлікте ой,  
Түйткілденіп көңіл тағы қалды, эне.  
Жұмырлықтың екінші аты — бірлік қой,  
Бірлік — адал адамзаттың арманы.

Жұмыр Жердің тілейтіні жылылық,  
Жылы әлемде жақсы да бар, жаман бар.  
Жұмырлықты жұдырық деп ұғынып,  
Бет жыртысып қалмайықшы, адамдар!

### КӨЗБЕ-КӨЗ

Сатсаңдар-дағы сатыңдар мені көзбе-көз,  
Атсаңдар-дағы атыңдар мені көзбе-көз.

Бәрің де қазір бетпе-бет келіп тұрсыңдар,  
Бейбастак болсам, бетімді тіліп ұрсыңдар.

Болса егер күнәм,  
болса егер менің кінәм бар,  
Көзімді шұқып, сілкілеңдер де сынаңдар.

Қиянат жасап, қиратып жатсам бүтінді,  
Көзімше менің кесіңдер қатал үкімді.

Жамандық болсын, жақсылық болсын,  
не болсын,  
Көзімше келіп, көзімше менің жөнелсін.

Сатсаңдар-дағы сатыңдар мені көзбе-көз,  
Атсаңдар-дағы атыңдар мені көзбе-көз.

Көзімше даттап, көзімше тіпті мақтаңдар,  
Сырымнан бірақ сатпаңдар,  
Сырымнан бірақ атпаңдар!

## ОҢАЙ ЕМЕС

Менің сырым оңай емес, жігіттер,  
Ойым — орман,  
Тоғай емес, жігіттер.  
Жай пенде деп білерсіңдер.  
Болсын-ақ,  
Бірақ кейде олай емес, жігіттер.

Менің сырым оңай емес, жігіттер,  
Оңай маған қолай емес, жігіттер.  
Әлсіз деп те ойларсыңдар.  
Бірақ та  
Керісінше — солай емес, жігіттер,

Менің сырым оңай емес, жігіттер,  
Жаным — жайсаң,  
Жабайы емес, жігіттер.  
Жаман тұғыр дегенге де көнбеспін,  
Қалай тулап, қалай егес, жігіттер.

Миымда жүр талай елес, жігіттер,  
Қиында жүр Абай-елес, жігіттер.  
Менімен дос болу қиын.  
Дос болсаң,  
Ажырасу оңай емес, жігіттер!

## ПЕИЛ

Адамдар бар әр қилы,  
Надандар бар не түсті.  
Шын сөз үшін шалқиып,  
Сын сөз үшін кетісті.  
Жетісті!

Асқақтаған азғынын  
Ақылыңды ұқпапты.  
Мақтау сөздің мазмұнын  
Мықтылық деп құптапты.  
Мықтапты!

Тірлікті ел сан тарап  
Таусылмайтын жол қылды.  
Күншуақты қалкалап.  
Мынаны анау тондырды.  
Ондырды!

Саған бақыт қонғанда  
Жаю тұрмақ шын құшак,  
Ауырлайтын жандар бар,  
Торғай қонған ши құсап.  
Күйгіш-ақ!

Кең дүние түгелдей  
Төкпейді екен мейірім,  
Адам!  
Сенің түзелмей  
Адамдарға пейілің.

## ҚЫЖЫЛ

Басылмай жүр қыжылым  
Қиянатқа кешегі,  
Жөнсіздіктің тізімін  
Жалғай берсем, өседі.

Басылмай жүр ызам да  
Басбұзарға бүгінгі:  
Бір құйыннан жүз алма  
Топыр-топыр үзілді.

Өгіссіз егер қыргың сая,  
Болмайтындай аты үлгі.  
Соғып өткен бір бұршақ  
Мың гүлімді жапырды.

Көң астында қалған қоз  
Қалың өрт боп жайылды.  
Жылмаңдаған жалғыз сөз  
Жүз досымнан айырды.

Шықтым содан күл қылып  
Қиянатты өртеуге:  
Жөнсіздіктер бүгінгі  
Жетпеу үшін ертеңге.

#### КӨҢІЛ ЕГЕР...

Сенбесең де сөз осы,  
Сенсеңіз де:  
Жазың жаз боп тұра алмас көнсе күзге.  
Мойындамас мезгілді көңіл ғана,  
Отыздасың,  
Ал, ойың — он сегізде.

Көнесің бе бұл сөзге,  
Күлесің бе?  
Күлу тимес бұл жерде үлесіне.  
Жетпістегі жантайған қарияның  
Жиырма бесі дәл қазір түр есінде.

Болғанымен гүл де өзі,  
Шалғын да өзі,  
Болғанымен сал дәурен, сал күн де өзі,  
Самайына ақ түскен табиғат та  
Сағынады бұла кез,  
Балғын кезін.

Жастық шақты бола ма аңсамасқа,  
Аңсауменен өтті екен қанша қасқа?  
Аңсайды оны жер-көк те, от пен су да,  
Сан тартысқа тап болып, сан таласқа.

Солай, солай бәрі де көнереді,  
Солғын тартып маңайы, төңірегі.  
Көнермейтін тек қана көңіл жайлау,  
Көктем сайын күйкылжып көбелегі.

Тіршілікте жаз жарқын,  
Күзін бұлын,  
Толғай-толғай таусылды, үзілді үнің.  
Сондай соңғы сәтте де,  
Сәуле шашып  
Бір жалт етіп сөнеді қызыл гүлің...

Жеңісінің жалауын тіктірмей бел,  
Жалтарғанда ғана осы «ұқтым» дейді ел,  
Өнің егер қартайса, ештеңе емес,  
Көңіл егер қартайса,  
Біттім дей бер.

## КҮМІС ЖАПЫРАҚ

(Қыс көріністері)

### 1. СОНАР СЫЯ

Сонар күні даланы  
Шарладым ба қызықтап?  
Аппак гүлді ана бір,  
Омырауына үзіп тақ.

Базынаңды бап көрер  
Байғазылық сыйы бар:

Ақ қайыңның ақ тонын  
Бір сілкі де, киіп ал.

Беремін деп бауырға  
Бұлдамай-ақ бағасын,  
Балғын бұтақ ауырлап  
Тұр-ау «бұлғын» жағасын.

Құп көрді ме осыны,  
Әлде осыны жек көрді?  
Жағалықтан шошынып  
Шоқтай түлкі жоқ болды...

Хош нісімен бұл шақта  
Ұғады ғой ұтарын:  
Жанап кетсең, жұмсақ қар  
Жұтқызады жұпарын.

Әсер алып айтқандай,  
Тамсандырып тамам бел,  
Шабыттанып қайтқандай  
Шақымасаң, маған кел.

## 2. БОЗҚЫРАУ

Айнала толы аппақ нұр,  
Армандай әсем кез мынау:  
Отындай болып шақпақтың  
Ойнайды сансыз жез қылау.

Сезімдер, сусы!  
Суси бер,  
Сусымай келмес тегінде ой.  
Бозқырау қонған ту шилер  
Орылмай қалған егіндей.

Ауылдың қонған кептері  
Сымдар тұр әрең үзілмей.  
Реактивті самолеттердің  
Созыла тартқан ізіндей.

Ақ көйлек киді ағаштар,  
Қақ күміс болып денесі.  
Көк жейделерін сабаздар  
Жамылмайтындай, о, несі?!

Тікен де төгіп бір көрік,  
Қырау мен қарды далдалап,  
Ақпанда өнген гүл болып  
Аңғалды ол да алдамақ...

Көрініске осы қызығып,  
Көктегі күн де қарады.  
Боз әлем енді бұзылып,  
Бу болып ұшып барады...

### 3. ТУМАН

Тенеудің гүлін термек боп,  
Телміргем текке дәптерге.  
Далаға шықсам,  
Жер-көкке  
Жайылып қапты ақ перде.

Ақ перде деймін..  
Ақ қылаң,  
Ақ тұман — қатық ұйып тұр.  
Үйірген тілді тәтті дәм  
Таңдайыма кеп тиіп тұр.

Қатық та емес,  
Дұрысы, —  
Қатырған уыз десем бе?



**Табигат-ана ырысы**  
Толып тұр қазір кесемде.

Ақша бұлт болып адақтап,  
Желкілдеп жібек шудасы,  
Жеткен бе әлде қонаққа  
Аспанның аппак бурасы?

Қалқыған бұлттан нұр теріп,  
Келтіре алмадым кенеуін.  
Тұманның өзін бүркеніп,  
Таптырар емес теңеуім.

«Балама табам бұған» — деп  
жүрсем мен...  
Жөндеп кетікті.  
«Тұманға теңеу — тұман» — деп,  
Тығылған теңеу кетіпті...

#### 4. ҚЫС ҒАЖАБЫ

Дертіңнің болар дауасы  
Тазалыққа көр таң қалмай:  
Қаңтардың құрғақ ауасы  
Кенсірігінді жарғандай.

Біресе бойың тоназып,  
Біресе денең күйгендей.  
Адуын мінез аязы  
Ауырта тістеп сүйгендей.

Табаның тисе безілдеп,  
Сықырлап жатқан қар қандай?!  
Өкшелей қуып өзінді  
Біреулер келіп қалғандай.

Көкжиектегі сөніп нұр  
Кеткенше тынбас еңбек-күт.  
Сорма аязбенен қонып тұр  
Бойына жұрттың сергектік.

Аязда ағып терлейді  
Аянбай қырдың қазағы.  
Мүлгуге мұрша бермейді,  
Осы ғой қыстың ғажабы!

#### 5. ЖАПАЛАҚ ҚАР

Бұлқып аққан арнадай,  
Болар ма бір жұлқыныс.  
Маужыраған бар маңай  
Май тоңғысыз,  
Тым-тырыс.

Амалы көп қыс қой бұл,  
Аяғалдықты таста әлгі.  
Айтамын-ау,  
Түстей бір  
Таңғажайып басталды:

Ақ сәулесін шашқанмен  
Шам секілді аспалы,  
Ақ «жұлдыздар» аспаннан  
Ағып түсе бастады.

Жер мен көктің арасын  
Абайласаң анықтап,  
Сан мыңдаған «парашют»  
Қонып жатыр қалықтап.

Қонып жатыр  
Шамасы,

Қонысын ол сыйламақ:  
Жердің жұлым жағасын  
Қаракөл қып, бұйралап...

Түтті-ау сонсоң,  
Басты да  
талай табан пілдей нық.  
Ақ сабаудың астына  
Түскен аппақ жүндей қып.

#### 6. БОРАН

Қам-қарекет жасауда ел,  
Күшке жанып жігерді.  
Ақ ұлпаны асау жел  
Түтіп-түтіп жіберді.

Үні зілге ұласқан  
Жел не қылған желөкпе, ей?!  
Бұрқыратты-ау бұл аспан  
Үн шайқаған електей.

Сонсоң, ойдай, секірді,  
Аппақ дүние сан аунап.  
Арыстанша өкірді  
Жана түскен қамауға.

Әулекті жел қуғанда,  
Әлді болсаң, тұрып қал.  
Боз жыландай сумандап,  
Сырғып жатыр суық қар.

Апта болды.  
Сақтасын,  
Асып кетті-ау шектен де.  
Ақ тасқынның қақпасын  
Ашып біреу кеткен бе?

«Әбден титықтатты ғой» —  
дегенде аспан ашылып,  
Апта соққан ақ дүлей  
Бара жатты басылып.

Күлді ақыры көктен Күн,  
Маужырады маң далам.  
Кісі құсап көптен бір  
Көз шырымын алмаған.

#### 7. ОЙДЫМ ҚАР — ОЮ СЫРМАҚ

Ақ шуағын күн үзбей,  
Аппағым-ай, оңыпсың.  
Ойған боп-боз киіздей  
Ойдым-ойдым болыпсың.

Иілуге көнбеп ең,  
Иіндестің, түйістің.  
Қара киіз — жерменен  
Сырмақ болып киштың.

Күн кірпігі ине боп,  
Тауып тігін ырғағың.  
Жіп-жылғаны сүйрелеп,  
Сырып жатыр «сырмағың».

Бірақ ерте тоғаю,  
Болды тосын ғажайып:  
Сырған сайын,  
«Ақ ою»  
бара жатыр азайып.

Аппақ досын алды, әне,  
Азғырып Күн, жел бүлік.  
«Қара киіз» қалды, әне,  
Көздің жасын көл қылып...

## ҚЫРКҮЙЕК

Жапырақтар, жапырақтар сарғайды.  
Жылаңқы жел ызындайды, сарнайды.  
Жасыл жазым жылыстапты.  
Өмірде  
Ештеңе де мәңгі-бақи қалмайды.

Түнжыр аспан,  
Түнжыраған күзгі бақ  
Жамау, жыртық жүректердей жүз құрақ.  
Қайда кетті сылаңдаған қызыл гүл,  
Қайда кетті бұрандаған жүз бұлақ?

Думанымен дуылдатқан көшені  
Қайда кетті қызық күндер кешегі?  
Біреу үшін жарқ етеді бір бақыт,  
Біреу үшін жалп етеді,  
Өшеді.

Жапырағын біз жамылған қараағаш,  
Енді бүгін тыр жалаңаш,  
Жалаңаш.  
Күзгі аспандай әлем-жәлем көңілім —  
Қоңыр күңгірт, күлкі мен мұң аралас.

Мына бақта жапырағы тоналған,  
Мына бақта жаз қызығы жоғалған  
Енді қанша кездесемін сенімен,  
Енді қанша жарқ етесің сен алдан.

Жапырақтар, жапырақтар сарғайды,  
Жадау күзге жалынады,  
Қарғайды...  
Жарқын жаз да жоғалыпты,  
Жалғанда  
Жоғалмайтын ештеңе де болмайды.

## КУЗ КЕЛГЕН-АУ

Күз келген-ау, күз келген-ау, ағайын,  
Қарағайдың қырау шалды самайын.

Күз келген-ау, жаз өткенге қапамын,  
Қарт еменнің жел жұлқыды шапанын.

Күз келген-ау, ызғар тартып әр түнін,  
Жас қайынның суық сорды балтырын.

Күз келген-ау, тоңған терек бүрсеңдеп,  
Кеткен жаздың шуағына түр шөлдеп.

Күз келген-ау, жапырақтар жыртылды,  
Қызарған ба, бозарған ба біртүрлі.

Алтын түске малыныпты бар маңай,  
Күннің өзі піскен қызыл алмадай.  
Адамдар да ағаштардай  
Бір күні  
Өз күзіне бағынады-ау, арман-ай!

## КЕРЕГІ НЕ?

Жөнсіз іске керегі не жұлқынып,  
Өзіңе-өзің сенбесең,  
Қазған сайын бұлақ-көз боп өнбесең.  
Көріктіге керегі не ұмтылып,  
Өзіңді одан кем десең,  
Көкірегіне қызық болып енбесең.

Белге байлап көтере алмас шоқпарды,  
Медеу етіп жоқ-барды,  
Тарта алмайсың жиын-тойда көкпарды.

Серік етсең суайттау бір сокканды,  
Білмейтұғын тоқтамды,  
Ешкім ашпас аз күннен соң қақпанды.

Тұлпар деп те болар ма екен тұлпарды,  
Ду-дүрмекте қозбаса?  
Артқы аяғы алдыңғы ізден озбаса.  
Сұңқар деп те болар ма екен сұңқарды,  
Самғау күйін созбаса?  
Шеңгелінен шеңгелсіздер тозбаса.

Біртуарлар өз бағасын біліпті,  
Сондықтан да ұзаған,  
Ұзап ұшқан уытты ой мен ызадан.  
Ал, бүгінгі кейбір жайдақ жігіттің  
Кейпін көріп ұлыларға ұсаған,  
Батар күннің бетіндей боп қызарам.

## АҢСАУ

Орман өңін бояпты,  
Кезгеніме көп болды.  
Көз көрмеген тоятты  
Сезгеніме көп болды.

Үнсіз әуен құлаққа  
Жусағалы көп болды.  
Белгісіз бір бұлаққа  
Сусағалы көп болды.

Қиыры жоқ әлемді  
Кезбегелі көп болды.  
Көрінбеген өлеңді  
Көздегелі көп болды.

Табан жолды талайлы  
Таппағалы көп болды.  
Айналсоқтап маңайды  
Таптағалы көп болды.

Үлкенді аңсап,  
Кішіні  
қанағат қып тынасын.  
Қинайды екен кісіні  
Дерегі жоқ бір асыл.

### ӨКПЕЛЕУІМ АРҚЫЛЫ

Досқа деген мейірімді шектемегем,  
Шектер болсам,  
Кетеді шеттеп өлең.  
Өкпелесем жақынға өкпелермін,  
Жат адамға ешқашан өкпемен.

Баса шауып, бас жаққа төстемесем,  
Ұқпайсың-ау кей кезде ештеме сен.  
Бір өкпеме жарасаң — қас демес ем,  
Бір өкпелете алмасаң — дос демес ем.

Бұл бір сырым болсын-ау ез ұқпаған,  
Ез ұқпайтын ой-елін кезіп бағам.  
Жақыным кім, жатым кім?  
Кейде осылай  
Өкпелеуім арқылы сезіп қалам.



## БИҚТІК ПЕН ТЕРЕҢДІК

Не биік бол, не терең бол,  
Ел дана  
Талай сондай тарланына болды ана.  
Дабырайтып жүргеніңіз даңқ деп  
Сол екеуін жалғастырар жол ғана.

Не биік бол, не терең бол,  
Сынақта  
Сапар шалғай, жолың жатсын жырақта.  
Бұл сөздерде шекара бар кей кезде,  
Кей кездерде айырма жоқ бірақ та.

Бір биік бол,  
Бірегей ұл болғасын.  
Тұңғық бол,  
Талаптыға ол да — сын.  
Шырқау шыңың құлатпасын тек елді,  
Шынырауына тұншықпасын, жолдасым!

## ҚАРЫЗ ЕКЕМ

Көп ерлікті жігіттіктен күткен ем,  
Жігіт болып жарытпаппын түк те мен.  
Өмір жатыр арман болып алдымда,  
Өлең жатыр,  
Аяғы оның бітпеген.

Жолым жатыр,  
Жол дегенім, ол — дастан  
Оқиғасы келешекпен жалғасқан.  
Біткен ісім — берік қалқан,  
Күткен іс —  
Қамсыз болсам, қиып түсер алдаспан.

Көпшіліктің көңіліне дәрі не?  
Таба алмасаң,  
Келмейді өмір сәніне.  
Төңірегім маған қарыз деп жүрсем,  
Өзім қарыз жан екенмін бәріне.

Қарыз екем —  
Атақ үшін, ат үшін,  
Жақсылармен үзіліпті қатысым.  
Қарыз екем —  
Әділетке бір дауыс  
жетпей жатса, қалыс қалған сәт үшін.

Қарыз екем — жаңалығым осы ашқан,  
Қанша қырдан тіршіліктің көші асқан?  
Сол қарызды өтермін мен, тұрса аман,  
Осы кеудем,  
Осы Жер мен осы аспан.

### АҚЫЛ КЕРЕК

Қай санасыз жан-жағымен санасар,  
Бәрі де әлсіз оның үшін, бәрі осал.  
Асқақтық та, асаулық та,  
Дегенмен  
Жарасатын кісісіне жарасар.

Ондайларға өмір шіркін берсе төр,  
Тұтам бойын тау тұлға ғып олшетер.  
Әл-шаманды көрсет десе,  
Әп-сәтте  
Әлсіздерді шалып калып көрсетер.

Ал, сонымен не бітірді,  
Не шықты:  
Бір қозыға бір арлан кеп өшікті,

Бір қоңыр жан қиянаттан зарлады,  
Бір момын жан арманынан кешікті.

Ая, сонымен не бітірді,  
Не шықты:  
Бір үміттің шырағданы өшіпті,  
Ақтың жолын қара мысық кесіпті,  
Азғындардың мәртебесі өсіпті...

Ақымаққа көрік берме деген ғой,  
Аусар жанға ерік берме деген ғой.  
Тарғыл таудан тас құласа,  
Алдымен  
Таяқ жейтін биік емес, төмен ғой,  
Биістерге ақыл берсін деген ғой.

#### ӘРЕКЕТ

Жүрген жоқпын мал менен басымды аяп,  
Күлген жоқпын қас керіп,  
Шашым бояп.  
Бүліктерді көргенде бүріп түсем,  
Бүркіт шеңгел ғұрпымды жасырмай-ақ.

Аярлығы ас та төк болып тоят,  
Азғындар жүр,  
Қойдым мен соны ұқпай-ақ.  
Жамандықты көрсем-ақ жұлқып түсем,  
Түбі не боп кетер деп қорықпай-ақ.

Ерлік пе бұл, болмаса есерлік пе?  
Төресі боп, туысқан, көш елдікке.  
Есер десен — есермін ер іс үшін.  
Ерлік десен —  
Иемін осы ерлікке!

## БАЯНТАУДЫҢ БИГІ

Қаныш аға!  
Өзіңізбен сырласам,  
Сырласпасам ой тайғанақ, жыр босаң.  
Сіз де, міне, келіп қапсыз тоқсанға,  
Тоқсан деген аз сан ба, жоқ, көп сан ба —  
Іздеп жату міндет емес мәнісін.  
Өйткені, сан дегенің сөз емес,  
Мәңгі өмірге аяқ басқан жан үшін.

Мәселе тек жаста емес қой, жан ағам,  
Жарық жұлдыз өшпейді әсте санадан.  
Баянтаудың биігісіз,  
Бір кісі  
Жасыңызды келсе егер білгісі  
Сол биіктің жөн-ау жасын санаған.

Бірақ оның есебіне жетер кім,  
Шотын санап өткізеді бекер күн.  
Ерінбесе есептесін,  
Бірақ та  
Тосындау боп естілсе де құлаққа  
Сардар аға, сауал қоям төтеннен:  
Бір кезде өзін шанырағын көтерген,  
Президент боп шын парызың өтелген,  
Академия атты заңғар биігін  
Аласартқан кез де болған нығын.

Білмейсіз бе?  
Білмесеңіз тындаңыз,  
Аңызқұмар едініз ғой,  
Бұл да «аныз».  
Тоқырау боп тиген соққы қоғамға  
Топалаң боп тиген еді оған да.

Қарыны бар, дарыны жоқ ақымақ  
Азынаған академик атын ап,  
Түріп тастап білек пенен балақты,  
Асқар таудай дәрежесін ғылымның  
Ауылдасқа шүлен етіп таратты.

Демеді ешкім:

— Айла-қулық, асқынба.

Бас ролі төмендеді бастың да  
Қалды ғылым ауа жетпей тұншығып,  
Даңғаза мен дастарқанның астында.

Сауық-сайран, сыйлық-кәде ду қызды,  
Шын ғылымнан шын ғалымды қуғызды.  
Есесіне, есесіне, о, тоба!  
Қара нар деп атақ беріп ботаға  
Бір аймақтың балаларын «бейімдеп»  
Колбада ғалым етіп туғызды...

Керексіз боп қалды оларға Қаныш та,  
Қанышты айтсаң, қаны шауып «намысқа»  
Күреңітіп кетер болды мойыны,  
Тоқыраудың бұл да тексіз ойыны.  
Араға бір жылдар түсіп ондаған,  
Қаныш сынды біртуары қазақтың  
Секілденді бұл өмірде болмаған...

Енді, міне, қайта құру желі есті,  
Жарқырады тартқан бейнең көмескі.  
Шындық атты жұмыртқасын шайқаған  
Жариялылық барлық жерде айтады ән.  
Өзің тапқан асыл құсап,  
Сені де  
Тауып алған секілдіміз қайтадан.

Биіктетіп беделінді, белгінді,  
Бүгінгі той тәлімсізге берді үлгі.  
Дегендей-ақ: «Ием қайда, қалай бұл?»  
Президиумда күтіп қалған талай жыл  
Өзің толтыр, Қаныш аға, орныңды!

### ҚАЙРАУ

Сәл нәрсені қайғы қып,  
Солқылдасан, еніреп,  
Сөнгендей боп Ай-Күннің  
Солғын тартар төңірек.

Қиындыққа қасарып,  
Көнбей қойсан, мұны урам:  
Кам көңілін жасарып,  
Шашырайды шұғылаң.

Төрге тартар еңісті  
Тірліктің біз көзіміз.  
Жеңіліс пен жеңісті  
Жасайтын да өзіміз.

Таймас жерде жардан біз  
Таямыз деп, тусқан,  
Шығарып та алғанбыз  
Сан жеңісті уыстан.

Құлақ қойшы қайрылып,  
Қай мұратқа жетіп ек?  
Сәл мұңдайсақ — майрылып,  
Сәл қайғырсақ — сетінеп.

Ақыл айтып саған кіл  
Тойдыруға «мұрам» кем.

Жан азабын,  
Жалаң бір  
Жеңу қиын ұранмен.

Серпіп күдік-күмәнді  
Айтсақ шынын сіреспей:  
«Құран» етер ұранды  
Қиқу емес,  
Күрес қой!

Содан да мен ең ұлы іс —  
Әрекет деп ұғынам.  
Адам!  
Саған жеңіліс  
Жараспайтындығынан.

#### ӨЗІМІЗГЕ

Айтылған бір ой күйін дайта-қайта қажалап,  
Сейілген бір қайғыны қайта-қайта азалап,  
Біз өлеңді жазыппыз, жалбыз-ойды азық қып,  
Жүз өлеңді жазыппыз, жалғыз ойды қазық қып.

Тұңғызққа түспедік —  
Тұншығудан қорықтық,  
Құлаймыз деп, биікке бір шығудан қорықтық.  
Міне-міне жуасты жіберіппіз жауыр қып,  
Күле-күле ақыры сол күлкіден ауырдық.

Сұңғу үшін тереңге,  
Керек боп түр бұрғылау.  
Өрлеу үшін биікке,  
Керек боп түр бір құлау.  
Міну үшін шұлғытып шу асау бір үркекті  
Жуас аттан, шіркін-ай, керек боп түр бір текпі.

## ҚАУІП

Күн нұры мен топыраққа еркелеп,  
Қауызыңды ашыпсын-ау ертерек.  
Нең бар еді тайталасып мықтымен,  
Қарашы өзін,  
Сен — нәзік гүл, ол — терек.

Ол көктесе өз күшіне сенеді,  
Саған аз күн күте тұрған жөн еді.  
Сескенбейтін ызғарынан көктемнің  
Сұсты ғой ол,  
Күшті ғой ол себебі.

Болмысыңа жігі көңіл бөлгенде  
Бой көтеріп шықпас едің сен демде.  
Асықпай-ақ неге шешек атпадың  
Терек құсап өзіңе-өзің сенгенде?

Нағыз өмір — қызулы жер,  
Һәм самал,  
Соны күтпей суыт келдің, қанша амал?!  
Енді қазір суық сокса сен өлдің,  
Ал, теректің жапырағы ән салар.

Нәзігім-ай, қылтиғанда азар көк,  
Үсік ұрып кете ме деп мазам жоқ.  
Базар болып жеткен тірлік терекке  
Кетпесе екен сенің үшін ажал боп.



## ТАМЫРЛАС

Біреу сенен қорқады, біреу сені сыйлайды,  
Біреу қиған шаттықты біреу саған қимайды.  
Іздеп тауып жатады бір адамды бір бақыт,  
Іздеп тауып жатады бір адамды бір қайғы.

Жүретін жан қаншама қасіреттен у ішіп,  
Жүретін жан қаншама бақытпенен туысып.  
Қаншама жан жатады қас қағымда ұғысып,  
Қаншама жан кетеді қас қағымда суысып.

Бақытың да түскен жоқ, бірақ өзі көктен кеп,  
Қасірет те түскен жоқ, бірақ өзі көктен кеп.  
Бірін-бірі қаңтар боп қарыған да адамдар,  
Жылытқан да адамдар — бірін-бірі көктем боп.

Қуанышты жасайтын осы мына біз деген,  
Қайғыны да «қашайтын» осы мына біз деген.  
Содан ба екен,  
қайғырса ел бірін-бірі кінәлап,  
Бақытты да іздесе, бір-бірінен іздеген.

## ТӨЗІМ

Уа, Жер-ана  
Осы жаста сезгенім —  
Сенің талай қиындыққа төзгенің:  
Көкірегіңе оқ боп жауған қорғасын —  
Қойныңдағы өз кенім.

Уа, Жер-ана,  
Қалың өртке төзетін  
кезің сенің — ең қатерлі мезетін.  
Амал қанша, жалмап өткен сол өрт те  
Бөтен емес, өз отын.

Уа, Жер-ана,  
Қасиетті боз далам,  
Қартайсаң да топырағың тозбаған.  
Бір жаманның тілі тисе, дүнне-ай,  
Ол да сенің өз балаң.

Талай езде кетсе дағы есең көп,  
Жатасың-ау Іштен тынып,  
Көсем боп:  
«Өз тонымды отқа қалай салам, — деп,  
Өз қолымды өзім қалай кесем, — » деп.

### УАҚЫТ ЕДІ...

Қарап тұрған адамдарға көлденең  
Мен бір жанмын еш қиындық көрмеген.  
Мен бір жанмын, туған күні майшуақ.  
Майда самал жұмсақ қана тербеген.

Көрген жоқ деп соғыстың да кесірін,  
Көрген жоқ деп тар кезеңнің кесімін,  
Бәрі мені бақыттыға балайды,  
Бірауыздан қабыл алып шешімін.

Қызығады түспеді деп қысымға,  
Жүрмеді деп көк сүнгінің ұшында.  
Бұл да рас.  
Бірақ онай болды ма,  
Өскен ұлға тоқыраудың тұсында.

Көмейінен бейбіт күннің оқ ұшқан,  
Тоқшылығы тоқыраумен тоғысқан.  
Заман еді, заман еді ол да бір  
Көрінбейтін дұшпандармен соғысқан.

Саналысын сармуайым қайғы алған,  
Санасыз арамзаға айналған.  
Уақыт еді, уақыт еді ол да бір  
Майда күні айнымайтын майданнан.

Сүйремеген секілді ешкім кекілден,  
Және ешкім де жоқ секілді жекірген.  
Бірақ әлгі көрінбейтін қырқыста  
Жан едік біз жас тілегі кетілген.

Тоқырау, — деп тіс жарсаңыз дау көп-ті,  
Одан «мылқау» жандар ғана сау кетті.  
Ең қиыны —  
Айқасарға ашықша  
«Мен — жаумын» — деп мойындаған жау жоқ-ты.

Іс омалып, нір-қиыр сөз бітпей,  
Алдауға да, арбауға да төздік кей.  
Қиындықтың мың қылышы қоршаса,  
Қарсыластық қылпып тұрған кездіктей.

Кидік, рас, жаз туфли, күз етік,  
Жүрдік, рас, кей қатені түзетін.  
Тудық, рас, майшуакта.  
Табаннан  
Кеткен бірақ тоқыраудың сызы өтіп...

### ҚАЙСАРЛЫҚ

Қамығып жүрем кейде мен,  
Күйрек деп сонда сөкпеші.  
Шын мықты болса ой деген  
Көлеңке жерде көктесін.

Көктемде бәрі гүл атар,  
Көкектің жұтып нур-шығын.

Шын мықты болса құба тал  
Қаңтарда жарсын бүршігін.

Аңқылдап сырын бүкпеген  
Ақынға әр кез әзір сын:  
Шын мықты болса,  
Мықты өлең  
Мұңайған кезде жазылсын.

Түнеріп жүріп ақ жарық  
Төгемін десем, жасқама.  
Өсемін десе,  
Қақ жарып  
Өседі гүлін тасқа да!

#### ДАЛА

Қаптап кетті елеске алдым кілең,  
Күн нұрына қаламды малдым, білем.  
Көрік берді көңілге күміс өзен,  
Табаныма тиіп тұр шалғын-кілем.

Ақша бұлтқа асқар тау басын қойған,  
Келер деген қапер жоқ жасын қайдан.  
Жасыл бұрым жамылған ақ қайыңдар  
Ару сынды бейне бір шашын жайған

Дегендей-ақ «мен құсап көрін дара»,  
Төбелерден биік тау бөлінді ала.  
Жатыр, эне, сүйісіп көкжиекпен  
Керім дала, керімсал ерін-дала.

Әсемдікке мойным иілді бұл,  
Соны сезіп мейлінше сүйінді гүл.  
Көз тоқтатып қорымға ойланып ем,  
Көне күннен естілді жнн... дүбір...

Сол дүбірден дір етті денем деіде,  
Кеккілес пе тіл қатқан,  
Кемеңгер ме?..  
Екіндіге емінген Күннің шары  
тырсыяды...  
Ол да енді жел «емген» бе?

Мен соңында, жүгірген мойнақ алда,  
Бәсең тартты көңілім.  
Дөй ғаламда  
Миллиард жыл жасаған Дала жайлы  
Өлеңімнің ғұмырын ойлағанда.

#### ТАБИҒАТ

Жүрейін — ақша қарда ізім қалсын,  
Күлейін — құлағыңда ызың қалсын.  
Алдама!  
Бұлтың да бар, ашық аспан,  
Алдама!  
Аласарып, сызылған шын.

Бнік боп жанарымды жаулағандар,  
Төменсіп көңілімді ауламандар.  
Самалды бетке ұстама, сойқан дауыл,  
Бұлтпын деп көлгірсіме, жаумаған қар.

Қатпарың, қайран дүнне, мәлім маған,  
Кезін аз дүрліктірмей, дамылдаған.  
Сонарды перде қылма, ақкөз аяз,  
Қылт етпе мінезіне қабындаған.

Табиғат!  
Аш жүзіңді, тасаланба,  
Мен сенсіз жасарам ба, жасанам ба?

Төріңді тең көрмесең,  
Осы адамға  
жетеді қарапайым босаған да.

Тек қана тұнық болшы.  
Көгалдағы  
бұлақтай былқ-сылқ билеп дем ал, кәне.  
Пендеден табылмас кей бүкпесіздік  
Өзіңнен табылмаса, не болғаны?!

### ҚОҢЫРАУ

Аңғалдық не бір әсем күнді ұрлап кіл,  
Аңсайды алау жұтқан күмбір бақты ұл.  
Сонау бір шәкірт кезім,  
Құлағымда  
Мектептің қоңырауы боп сыңғырлап тұр.

Жігіт боп жетілген соң,  
Бір бұлақтың  
Қайнарын ашамын деп бұрғылаппын.  
Көп оқып, көп үйренген жылдарым да  
Институт қоңырауы боп шылдырап тұр.

Күн өтті бос далақтап шабатын көп,  
Есейдік есті ойларды бағатын боп.  
Жүр мені сол қоңырау бұл күндері  
Жұмысқа оятатын сағатым боп.

Десе де қанша мықты мені қауым,  
Тозады толқын соққан омырауым.  
Мәңгілік ұйықтап кетсем...  
Оятам деп  
Шылдырар, бәлкім, өлең-қоңырауым.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ТОЛҒАУЛАР

---

#### АҚҚАЙЫҢ-АҚЫН

Элегия-ода

...Жапырақ-жүрек, жас қайын!  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын.  
Келісесің бе, жас қайын?

*(М. Мақатаев)*

#### I

Ондағы өлең секілді мендегі өлең,  
Ой-сезімге болсайшы кенде деген.  
Ақын жүрек дегенің махаббат қой,  
Махаббат ол — ел менен жерге деген.

Ардағы өлең болыпты, арманы өлең,  
Әр өлеңі — бүршігін жарған әлем.  
Ақын деген туы ғой пәк сезімнің,  
Пәк сезімнің.  
Бала мен жарға деген.

Кірісерде керемет іске, міне,  
Кемел жыр боп жүрегі ұшты еліне.  
Ақын деген сую ғой адамзатты,  
Адамдарды бөлместен тұс, тегіне.

Бойында жоқ қыныр ой, қияс арман,  
Туған тауға қыран ол ұя салған.  
Ақын жаны жатқан бір жаратылыс  
Жел...Жер...Жаңбыр...  
Жартастан құя салған.

Жыр төкпеген аузына елін алмай,  
Үркектеген сол елге көріне алмай.  
Табиғаттан жаралған жүрегі де  
Табиғаттан жататын бөліне алмай.

Ол бүгінде талайға пір мүсіндей,  
Ұқпағанмен тірлікте құрбысы кей.  
Асқарында өзінің қалып қойды  
Адалдықтың айнымас үлгісіндей.

Қуатына қапысыз сенген еді,  
Рухы әлі жыр жазып сенделеді.  
Ақын деген — Азамат,  
Азаматты  
Ана туып,  
Өлгенде... Ел көмеді.

Жалын атқан кезінде міне-міне,  
Жерленді ол жұртының жүрегіне.  
Топырақ боп ілініп күрегіне..  
Жапырақ боп ілініп гүл — еліне...

Қырық жеті жасында өлді, кетті,  
Өлді, кетті..  
Жыр бағын селдіретті.



Семдіріп ап іздедік сол жүректі,  
Сөндіріп ап іздедім сол бір отты.

Пай-пай, шіркін!  
Неткен жыр, неткен ақын,  
Періште боп өмірден өткен ақын.  
Қыр самалын,  
Күн нұрын өпкен ақын,  
Өз отынан өртеніп кеткен ақын.

Ақ қайнардай бұрқырап жазған ақын,  
Асыл ойды бұрғылап қазған ақын.  
Кең дүниеге құлашын созған ақын,  
Созған ақын  
Сиқырлы сөз қанатын. ✎

Жауар бұлттай үдере көшкен ақын,  
Шабытының шідерім шешкен ақын.  
Елдің кешкен тағдырын кешкен ақын,  
Елден бірақ ертерек өшкен ақын.

Ойға ойсаң жан еді,  
Сырға бөлек,  
/Осындай жан өнерге тұлға дер ек/.  
Тіршілігім жырменен тербеп еді,  
Табытын да жөнелді жырға бөлеп.

Күніренген Моцарттың күйіменен,  
Күніреніп жазды ол қиын өлең.  
Өмір менен Өлім кеп арпалысты,  
Муза мен Мұң...  
Күнес пен Құйын әлем...

Азалы күй ажалмен «сырласқанда»,  
Назалы жыр ақынмен мұңдасқанда,  
Ақтық сөзін айта алмай сырлас жанға  
Ақырғы рет қарады ол нұрлы аспанға.

Ақырғы рет қарады.  
Енді өледі..  
Жанарында жарты әлем дөңгеледі.  
Сол аспаннан  
Тізіліп қайтқан қаздай  
Қара өлеңін қазақтың көрген еді.

Қысқан кезде ажалдың қармағы кеп,  
Соққан кезде соңғы рет алма — жүрек,  
Көкке сіңген тырнаның тізбектері!  
Көрінді оған қара өлең тармағы боп.

Сонсоң, сонсоң... Көңілден тілек қашты,  
Бейдауа күй жаулады жүрек, басты.  
Жатқан кезде «қара өлең... қара өлең...» — деп  
Қап-қара боп санасын түнек басты.

## II

Қуып жүріп көктемнің көбелегін,  
Қуып жүріп жаз елін,  
Желек елін.  
Қуып жүріп күзінің ебелегін,  
Білмейді адам өзіне не керегін.

Анау белден, — деп жүріп, — ырғып өтем,  
Мына жерден, — деп жүріп, — сырғып өтем,  
Ұмытады бастысын.  
Ең керегі  
Өмір екен,  
Өшпейтін тірлік екен.

Көкейінде тауық кем, тәубе бөтен  
Қаракетін ашейін зуреге тең.  
Тіршіліктің түбі жоқ деп ұғамыз,  
Тірлік деген сәл сәттік сәуелде екен.

Өшті сәуле,  
Өрттей боп батты күнін,  
Қарауытып, қамығып жатты қырым.  
Арпалысты арысым,  
Артқы жұртқа  
Аманат қып арызын — ақтық үнін.

Сөнді ақылы,  
Күрескен көрмей тыным,  
Семді ақыры кеудесін кернейтін үн.  
Ақын бүгін табытқа түскенменен  
Ақық жырдың дәлелдеп өлмейтінін.

Ертеңіне өзінің сенген еді,  
Ер ақынға уақыт жол береді.  
Азамат — Ол,  
Ақын — Ол.  
Ақындарды  
Ана туып, өлгенде... Ел көмеді.

Оны қалай өлімге тақатайық,  
Оны қалай тірліктен жат атайық.  
Әр көңілде жүр бір-бір Мұқағали,  
Әр жүректе жүр бір-бір Мақатаев.

Өлген жоқ ол,  
Жырымен көңіл қосқан  
Сұра жұрттан, сұра іні, қарындастан.  
Әрбір қолда жүр бір-бір «Өмір — өзен»,  
Әрбір үйде тұр бір-бір «Өмірдастан».

### III

«Жапырақ-жүрек, жас қайың, көкем, — деді,  
Сен адам бол, қайың боп кетем», — деді.  
Жас қайыңнан мың жүрек сұраған жан  
Мың-миллион жүректі мекендеді,

Аңыз емес, шындық — бұл.  
Елден, мейлі,  
анығын біл, айтады, бәлденбейді.  
Ақын сұрап тұрған соң ақ қайыңдар  
Мың жүрегін суырып берген дейді.

Кездерде де жан жара, көңіл сынық,  
Қиындықты көтерді ол жеңілсініп.  
Бір жүрегі өлгенмен,  
Содан бері  
Мың жүрекпен келеді өмір сүріп.

Мың жүрекпен,  
Миллион жүрекпенен  
Тірлік кешіп, ол талай түлетті өлең.  
Мың-миллион жүректің айдынында  
Мәнерлі жыр ойнайды мың отпенен.

Қалықтайды қыран жыр, қыр асқан ұл,  
Мәңгілікке сезініп ұласқанын.  
Үнсіз қалып бір уақ.  
Енді бірде  
Найзағайша осады жыр аспанын.

Тірілерше ол бүгін тербейді ой,  
Кемеріне толқыны бермейді бой.  
Кетті айналып аңызға, өйткені,  
Айналғандар аңызға,  
Өлмейді ғой!

## АРМАНЫҢ БАР МА, АДАМДАР?

Әңгіме

### I

Көшеде жүрген кез келген жанның құлағын  
Елең еткізіп,  
Ентелей тақап бір адым:  
— Қандай да қандай арманың бар?— деп сұрадым.

### II

Күрсінді сонда сексеннен асқан қария:  
— Арманым, ұлым, әрине, бар ғой,  
Бар, иә.  
Соғыстан қайтпай опат боп кетті үш ұлым,  
Тағдырдың сондай көп көрген жанмын қысымын.  
Өлмейтін жан жоқ,  
Туады ерлер ел үшін,  
Құлыншақтарым қорғады жұрттың жемісін.  
Мекеннің мынау керіліп жатқан кеңі шын,  
Мейлінше бірақ тарылған онда өрісім.  
Желісін кесіп, желпінген көңіл қаңырап,  
Жау тиген жылдар талайлар қалды аңырап.  
Үзілгенімен қайсыбір түтін,  
Мың шүкір!  
Шайқалмай қалды отандық үлкен шаңырақ.  
«Жазымшыннан озымыш жоқ»,— деп,  
Кемпірмен  
Қалтақтап жүрміз, бүгілген белді таңып ап...

Тоқтаттым бірін шамасы елу жастағы,  
Сұраққа әлгі жауабын былай бастады:  
— Бар еді, қалқам, өзің секілді бес ұлым,  
Асылық болса, жасасын алла кешірім.

Жатып та тұрып тілеген жалғыз тілегім —  
Алтыншы балам қыз болса ғой деп жүр едім,  
Үл болды ол да...

— Түсінем, — дедім, — түсінем,  
(Түсінгенім сол — түңілдім мына кісіден),  
Қарияны ойлап кендірі қалған кесіліп,  
Ашудың қабы аузынан кетті шешіліп:  
— Ағажан, — дедім, — асылық мынау арманың,  
— Аулақ жүр, — деді ол, — ел кезіп жүрген есірік!

Тағы да бірін тоқтатып едім,  
Ол кісі  
Түнжырап кетті (Қиналғандықтың белгісі).  
— Ашығын айтсам ар жағын бүкпей, қалқам-ай,  
Арман дегенің әр адам үшін әрқалай.  
Ку дүниенің қайтемін бәрін тізбелеп,  
Армамым — менде үл да жоқ және қыз да жоқ.  
Өмірден мынау перзент күткен жан едім,  
Жиырма жыл бойы күтумен әлі келемін,  
Жете алмай, бәлкім, өлемін...

Жанары жасып, тамағын сол сәт жұтынды,  
(Қайтеді енді, кескен соң тағдыр үкімді?).  
Кешіргін, жаным, жеңешең күтін қалар, -деп  
Сөзі көп менен, тезірек менен сытылды.

Алдымда, міне, келеді ілбіп қарт ана,  
Ілгері басқан аяғы кейін тарта ма?  
Қолында оның сықия толған тораша,  
/Кәрняң үшін жеңіл жүк емес ол аса./  
Көмектеспек боп қолына оның жармастым,  
Кейуанаға қолқабыс берсең, болмас мін.  
— Қай баласың? — деп күн сала қарап сықсиды,  
Сұрағым дайын, бірақ та оны ұқса игі.  
Шегінер жер жоқ, кірісіп кеттім төтеден;  
— Мейманмын, әже, ауылыңызға бөтен ем.

Арманым жоқ деп отырушы еді үлкендер,  
Айғағы шығар,

Айбары емес сырт елге ол.

— Ырзамын сенің алдында бітсе дәрменім,  
Деп отыратын өзіндей әжем бар менің.  
Қарнысыз ғой өмірден мынау көп көрген,  
Қиын күнді де, қызық күнді де өткерген.  
Тірлікте осы арманға жетін қолыңыз  
Оңғарылды ма алысқа тартқан жолыңыз?

Бүкшеңдеп басқан қарня сол сәт бөгелді,  
Шегінетін жер оған да, маған жоқ енді.  
Ақырын ғана тыныстап алып ақ әже  
Айтатын сөзін байыптап бастай жөнелді:  
— Кемпірдің сөзі керек боп жатса жастарға  
Кергіін несін,

Қиыстау кетсем, баста алға.

Жақсыға ғана жетелей бермес жол-ана,  
Жалғанда мынау армансыз адам бола ма?

Төрт құбыласы түгелдің бірі мен едім,

Қиюы қашты,

Білмедім соның себебін.

Байлығым да бар, машина да бар, бала бар,  
Тоз-тозым шықты,

Туысқан соны табалар.

Ұл шіркін, әне, арақ қуалап азды енді.

Қыз шіркін, әне, алимент алып мәз болды.

Ақтарып салып арманға толы бір сырды.

Кейуана сол сәт керемет жасып күрсінді...

— Арманың бар ма? — деп едім,

Жап-жас бір жігіт

Ақылға тапшы таяздау түрмен ыржып:

— Әкеме айтып, машина міну арманым,

Көлікпен қуам көңіздегі істің қалғанын, —

Деді де маған көрсетті дереу желкесін,

Тоқтату қайда біреудің тентек еркесін.

Сұрап ем тағы егделеу келген жігіттен,  
Сындарлы жауап естірмін деген үмітпен.  
Қызулау екен,  
Бетіме қарап сәл тұрып,  
Кекесін күлкі көмейін ұрып алқынып:  
— Арманым менің, — дегені, — жалғыз жартылық.  
— Гафу ет, — дедім, — есептей көрме есер деп,  
Жармасатұғын жағалай жұртқа көше өрлеп.  
Ойладым іштей: «Ақымақ екен есі жоқ,  
Бір болса егер, армансыз адам осы» — деп.

Бір қыз келеді үріп ауызға салғандай,  
Ақ балтыр ару, бұралған бел мен ай маңдай.  
Он сегіз бе екен, он тоғыз ба екен жасы бар,  
Қақ жарып өрген білектей қара шашы бар.  
Кигені оның сүлітей қара панбарқыт,  
Аппақ денесін аппақ мәрмәрдай аңғартып,  
Бұрала басып келеді-ай дейсің сол ерке,  
Қабағында сәл кіреуке тартқан көлеңке.

— Қалқам-ай, — дедім, —  
мойныңды сәлге бұра тұр,  
Тоқ балтырыңмен, аш белінменен бұратыл.  
Ақылың тұман, ажарың сынық секілді,  
Адасып жүрсең, ағаңнан тында бір ақыл.

Шошып кетті ол тосыннан шыққан дауыстан,  
Ойлады-ау деймін: «Ішіп алған, не ауысқан».  
Жаннарыменей жаудың бір қаққан үрейлі,  
Тоқтатпақ болып тосыннан келген «дүлейді»  
— Не керек, — деді, — не керек сізге,  
не керек?  
Дедім мен оған:  
— Емеспін есер көбелек.  
Сұрағым бар ед, бере алсаң соған бір жауап,  
Бет-бетімізбен екеуміз-дағы жөнер ек.



— Айтыңыз,— деді,  
— Арманың бар ма? — деп салдым,  
Толқып бір кетті табанда жатқан көк шалғын.  
— Ағажан, — деді, — аңғалақ жандар көп сіздей.  
Бақытсыз болсам, бақытқа жеткізбейсіз ғой.  
Тірліктің мәнін түсіне берер жаста емен,  
Турасын айтсам, менікі мүлде басқа өлең.  
Бір азаматқа өлердей ғашық болып ем,  
Арманым ғой деп ұғынып келгем оны мен.  
Өзімді сүймей,  
Күрбымды сүйді ол менің,  
Шаттығың емес, тәтті мұң қазір ермегім.  
Жабырқау жанның жарасын келіп тырнаған  
Дәл өзіңіздей қатыгез жанды көрмедім...  
Жөнелді ару,  
Былайғы жұртқа түкті де ол  
байқатар емес,  
Төрт құбыласы «түп-түгел» .

### III

Арманым менің — денсаулық,— деді сырқаттар,  
Арманым менің — он саулық,— деді бір қарттар.  
Арманым — алтын сырғада, — деді арулар,  
Арманым — қанға былғама,— деді қарулар.  
Арманым — сезімге мас күнім, — деді серілер,  
Арманым менің — жастығым,— деді кәрілер.  
Арманым — әсем киімде,— деп те түр сылқым,  
Арманым — асыл дүние,— деді бір шіркін...  
Мақсаты үлкен, мұраты биік заманда  
Арман да кейде ұсақтап кетті-ау адамда.

Ұсақтап кетті-ау,  
Әйтпесе сонау ғасырда  
Бұлқынған адам билігі болмай басында,  
Нағыз бір арман бостандық еді-ау, расында.

Ұсақтап кетті-ау,  
Басқыншы дұшпан жегідей  
Тірліктің тінін тып-типыл етем деді ғой,  
Нағыз бір арман тәуелді болмау еді ғой!

Ұсақтап кетті-ау,  
Анау бір жылы састық та,  
Нағыз бір арман — мол өнім алып астықтан  
Күтылу болған халыққа төнген аштықтан.

Бір уыс бидай бір үйге талшық болғанын,  
Бір үйлі жаннан бір адам тірі қалғанын,  
Сараптап көрсін, салмақтап көрсін арманын.

Сурапыл соғыс жылдары сонау, қарағым,  
Алты ұлы бірдей опат боп кеткен ананың  
Ақ шүйке сынды шашына бүгін қарағын.

Бас-аяқтары балғадай аған. сонау күн  
Майданнан қайтқан болып бір бейне самаурын,  
Артықшылығы жоқ оған да бір сәт қараудың.

Халық тағдыры сынға да түскен кезеңдер,  
Қан-жоса болып қарайып аққан өзендер  
Шықпасын естен, бүгінгі ерке гөзелдер!

Бабалар біздің намысты қолдан берген жоқ,  
Әкелер біздің әпербақанға көнген жоқ,  
Осының бәрі оп-онай бірақ келген жоқ.

Кешегі мылтық бүгін де түр ғой кезеліп,  
Фашизм тірі,  
Кеткенмен Гитлер «тез» өліп,  
Қас қағым сайын осының қаупін сезелік.

Опасыз дұшпан бармағын қалған тістелеп,  
Орайын тапса, әлі де жаулық істемек.  
Әулекілерді ауыздықтайтын күш керек.

Отандық арман — арманы бүкіл халықтың,  
Отандық арман — бейбітшілік пен жарық күн.  
Мақсатым алып болса егер, мен де алыппын.

Сұраққа әлгі сан түрлі жауап бергендер,  
Сауалым үшін сөлекет жігіт көрмендер.  
Тілегім жалғыз — арманға жетпей өлмендер.

#### IV

Күйзелме, қартым, шейіт боп кеткен үш ұлы,  
Ел үшін өлу — еңкейткен емес кісіні.  
Осындай болар ерліктің кейде пішіні.

Алты ұлы барлар, біреуде бар ғой алты қыз,  
Келін түсіріп, қызындай күту салтымыз,  
Қызым жоқ деген кірбіңнен бойды тартыңыз.

Азамат, сен де жана алмай жүрген жұлдызың.  
Ошақ басында орната берме күнде ызың,  
Адал жандардың ұл-қызы — сенің ұл-қызың.

Әжетай, сен де ұстамды ойға болшы ұлық,  
Өрісін табар адасқан қыз бен сол шірік.  
Оларды бұзған мөлшерден асқан молшылық.

Бойжеткен, сен де сол жігіт үшін камықпа.  
Болмыстың мәнін, бақыттың мәнін парықтап,  
Беті сұлуды емес, ниеті сұлуды анықта.

Аусарлау ұл мен сауықшыл жігіт,  
Сендер де  
Арманның құнын тым арзандата бермендер,  
Шамданып қалар шын арман үшін өлгендер.

Өмірдің жолы бола бермейді бірбеткей,  
Біреуге байлық, біреуге бақыт жүр жетпей.  
Еңбейік бірақ арманның жолын кірлетпей.

Тоқшылық мынау, молшылық мынау заманда  
Көп нәрсе керек, жоқ нәрсе керек адамға.  
Көп нәрсе керек сөкпейік бірақ ол үшін,  
Ішінсін, кисін, бейнеттің татсын жемісін.

Өмірдің талай өткелегінен өткесін,  
Еңбекшіл елім қызығын қалай шектесін?  
Молшылық бірақ мастыққа қарай жетелеп,  
Тоқшылық бірақ тойғандық болып кетпесін.

Алқызыл туы арман туына ұсап қап,  
Алаулы гүлді тұрады халқым құшақтап.  
Мұраттар бірақ кете көрмесін майдалап,  
Армандар бірақ кете көрмесін ұсақтап.

Тарихтың біздер тауқыметінен неше өттік,  
Тілегі түзу туғанның бәрін дос еттік.  
Кесек бір елдің азаматысың.  
Қашанда  
Кесектік көрсет, кесектік көрсет, кесектік!

Қоғам да бүгін, заман да бүгін жанарған,  
Қасиет құнын қайта құрудан таба алған.  
Ертеңі елдің бұдан да нұрлы болашақ.  
Есті жан үшін ең ұлы арман — сол арман.

Өмірдің мәні сонымен ғана өлшенер,  
Сол үшін күрес,  
Сол үшін бел бу,  
Белсен, Ел.  
Адамдар, сенің арманың болмас өмірде  
Отандық Арман жүзеге аса берсе егер!

## МОЛШЫЛЫК

### 1. ЫРЫС

Адамзатқа өлең керек, ән керек,  
Адамзатқа сәулет керек, сән керек.  
Ашқұрсақ жан айта алмайды әңгіме,  
Сондықтан да нан керек.

Арман деген, үміт деген сан бөлек,  
Әрқайсысы өзінше бір жанды ерек.  
Сол арманға жету үшін жан керек,  
Жан сақтауға нан керек.

Жас жылдары, пәс жылдары әне бір,  
Сапырлысып кетпеді ме сан өңір?!  
Сол кезеңді еске алайық және бір...  
Нан — қасиет,  
Нан — құдірет,  
Нан — өмір.

Бір ұл қалмай елпілдеген жүз ұлдан,  
Бір қыз қалмай желкілдеген қызыңнан,  
Талай ұлыс күні кеше қырылған,  
Таппаған соң тіске басар үзім нан.

Айта салған сөз емес бір сән үшін,  
Ауыр кездің ұғайықшы мәнісін.  
Сан қырғыны өткен қатал тарихтың  
Жалғыз ғана тыныштық пен нан үшін.

Рас, қазір молықтық қой, молықтық,  
Ырысы бар заманаға жолықтық.  
Нан көп бүгін, оны жейтін жан да көп,  
Нанды көп деу күпірлік қой,  
Соны ұқтық.

Мініне ауыр жүгін артып таң,  
Халықпыз біз иман жолын шарт ұққан.  
Нан бар бізде, нан бар бізде жетерлік,  
Жоқ бірақ-та шашып-төгер артық нан.

Аштық кетті алатұғын жағадан,  
Тоқшылық боп топшысын да қағады ән.  
Әулеті көп шаңырақпыз.  
Сондықтан  
Керек бізге миллиард пұттық таба нан.

Кешегінің керуен-керуен түйесі  
Тарта алмайтын астықтың біз иесі.  
Үлкен нан бұл, жасамайық күпірлік,  
Жасар болсақ,  
Ондырмайды кнесі.

## 2. ЖЕРГЕ ТҮСКЕН НАН...

Беу, қызыл дән,  
Беу, үзім нан, —  
Асыл дәм,  
Кезің-ау бұл кейде аяққа басылған,  
Кезің-ау бұл кейде орынсыз шашылған.  
Сәби болсаң, сүйер едім бетіңнен,  
Сұлу болсаң, сипар едім шашыңнан.  
Беу, қызыл дән,  
Беу, үзім нан, —  
Асыл дәм.

Кеше ғана жоқ едің сен,  
Тапшы едің,  
Болған едің байлық та өзің, ақша өзің.  
Енді бүгін молшылықтың не екенін  
Момақандау жанарыңмен бақшы өзің:

Сен жатырсың жол шетінде шашылып,  
Көтерген жоқ әне біреу жас ұғып,  
Көрмеген боп өтті бірі көз жұмып,  
Кетті бірі аттап өтіп. асығып.  
О, асылық!  
О, асылық!  
Асылық!

Тәңірім-ау, қайда асығып барады,  
Қайда беттеп,  
Қайда шығып барады?  
Түсінбедім, түсінбедім ештеңе,  
Жерді ұмытып, Айға шығып барады,  
Нанды ұмытып, жайға асығып барады.

Қайда асығып бара жатыр?  
(Бұл менің  
Жетесізге жалқы сәтке күлгенім.)  
Асыққандар неге ғана сезбейді  
Ертеңгі жер нанға асығып жүргенін,  
Ертеңгі айтар әнге асығып жүргенін.

Нан таба алмай Қытайдан да, Қырымнан,  
Дән таба алмай Сырыңнан да, қырыңнан,  
Кеше халық апат болған, қырылған,  
Неше халық апат болған, ұрынған.

Сен осыны ұмыттың ба, жазған-ау,  
Нанға тойып, нанды ұмытқан азбан-ау,  
Тоқшылық боп тұрғанымен бүгіннің,  
Жоқшылық боп айтылатын бұрынғы ән.

Бұл дүниеде наннан үлкен,  
Шырағым,  
ештеңе жоқ.  
Осы — антым, ұраным.

Діндарың да биіктегі нанды алған,  
Табанына басып тұрып құраның.

Нан — күдірет,  
Нан — қаснет,  
Себебі  
ол дегенің тіршіліктің қорегі.  
Басқа дәммен былай тұрсын,  
Мен өзім  
Нанның өзін нанмен жегім келеді.

Беу, қызыл дән,  
Беу, үзім нан, —  
Асыл дәм,  
Кезің-ау бұл кейде аяққа басылған,  
Кезің-ау бұл кейде орынсыз шашылған.  
Сәби болсаң, сүйер едім бетіңнен,  
Сұлу болсаң, сипар едім шашыңнан.  
Беу, қызыл дән,  
Беу, үзім нан, —  
Асыл дәм.

Өзінше бір өктемсініп, өрсініп,  
Түскен нанды аттап өтті сол шірік.  
Нан молшылық бола алмайды-ау,  
Болмайды-ау,  
Обалыңда болмаған соң молшылық!

### 3. АСЫЛ

Алтының да керек бізге, әрине,  
Күмісің де керек бізге, әрине,  
Алтын-күміс міндетті емес,  
Алайда,  
Нан болуы міндетті ғой әр үйде.



Асылың да керек бізге, әрине,  
Жасылың да керек бізге, әрине.  
Асыл-жасыл міндетті емес.  
Әйтсе де,  
Нан болуы міндетті ғой әр үйде.

Ақ бидайды — аппақ-аппақ нанды не,  
Айырбастай алман сән мен сәндіге.  
Алтынына тоймайтұғын тексіздер  
Нанға тойған..  
Міне, осында — әңгіме!

Алтынды мен жамандаман, жарқыным,  
Аялай бер жылуы мен жарқылын.  
Алтын керек.  
Керек емес бірақ-та  
Нанның алдын орап кетер алтының.

Жаман ба екен, таза келсе сыйлығың,  
Жаман ба екен, оза берсе жүйрігің?  
Алтынды да айыптайсың амалсыз,  
Адам!  
Сенің азған кезде пиғылың.

#### 4. САБАҚ

Алтын үшін өліп-өшіп алқынбан,  
Айнымаймын халқым сүйген салтымнан.  
Мүмкін алтын арзан шығар наныңнан,  
Нан бірақ-та арзан емес алтыннан.

Аштық, ауру адам үшін қас болған  
ауыр шақта —  
Астық болып басты арман:  
Арпа-бидай қорегі көп ас болған,  
Алтын-күміс керегі жоқ тас болған.

Нан алғашқы!  
Сонан кейін қалғаны,  
Дән алғашқы,  
Болып келед алды әлі.  
Ақық та емес, жақұт та емес,  
Егер де  
Нан жоғалса, нан болар ед арманың.

Тоқтық күйін шертіп жүрген, әй, төрем,  
Айтар болсаң, нанға арнап айт өлсең.  
Бар қазына сенде калып,  
Соңғы нан,  
Ең соңғы нан менде қалса қайтер ең?

Қайтушы едің?  
Корегінді таба алмай  
Ортаяр ең, оқшау қалған аралдай.  
Қор болар ең,  
Үйме-үйме алтынға  
Үзім нанды менен сатып ала алмай.

Ең соңғы нан...  
Тағдыр бұдан сақтасын,  
Дән көбейсін,  
Алтын масақ қаптасын.  
Ал, бірақ-та тойған жандар лағпасын,  
Терін төксін, жеген нанын ақтасын.

Үзім нанға үздіктіріп қаратар,  
Үркек кезді аулақ әкет, әрі апар.  
Сол бір аштық — нан сабағы болатын,  
Нан сабағын ұмытқанды — нан атар!

## У

Итім өлді:  
Көп үргені — жазығы,  
Үй күзетем деп үргені — жазығы.

Баспанамыз қара жолдың үсті еді,  
Итім бірақ біреулерді тірсектен  
Не болмаса балағынан тістеді,  
Деген нәрсе болып көрген жоқ еді,  
Шынжырда еді оя бейшара себебі.

Байлаудағы батыл болар қашанда,  
Бұлқынғаны шындық еді шошаңдап,  
Ұмтылғаны сұмдық еді — өш алмақ.  
Бұлқынса да босатпайтын мың жылда,  
Жұлқынды ол сенгендіктен шынжырға.

Тасып бара жатқан күші жоқ-тұғын,  
Қазығынан кете алмасын білгеннен  
«Қазымыр» боп көтеретін шоқтығын.

Алғаны рас, үріп елдің мазасын.  
Алғаны рас, және ақтық жазасын:  
У тастапты оған бүгін бір мықты,  
Арам етті ашқарақ ит қылғыпты,  
Қылғыпты да тәрк етіпті тірлікті.

Бөгде қолдан жем алудан тартынған  
Текті-ақ еді,  
Ашыққан-ау антұрған.

Тоқ болса егер марғау тартып, бұйығып  
Жатпас па еді, тастап көздің қиығын.  
Жері болса үріп жұртқа «соқтыққан» —  
Жасамаған болды-ау оны тоқтықтан.

Дегенменен ит бола ма үрмесе,  
Шынжыр сүйреп, шабаланып жүрмесе?  
Байлаулы итке бар ма басқа қолайлы іс,  
Арпылдамай, ән салсын ба ол байғұс?!

Шаптықты деп шақар арлан шарбақта,  
Өлтіруден өзге амал қалмап па?  
Суды төкпе, «судын да бар сұрауы»,  
Уды сеппе, удың да бар сұрауы.

Ит дейсіңіз,  
Табиғаттың төлі ол да,  
Қарау керек, олай болса, обалға.  
Ол да тірлік иесі ғой,  
Мәселе —  
Сол тірлікті умен жойған адамда.

Отырғам жоқ өлімтігін азалап,  
Айтарымды дұрыс түсін, азамат.  
Үйренбеген жан ек мұндай тосынға,  
Үркектеу бір үрей ұйытқып қосымда,  
Сансыз сауал самсап өрді сосын да.  
Мақұлыққа ғана ма екен әлгі у  
Көп кілтипан жатқан сынды осында.

Болмас іске деме мұны болдыру,  
Жалғыз болсын, жаппай болсын ол — қыру.  
Менің итім болмаса да,  
Қолында  
Жүруі анық қаныпезердің сол бір у.

Ажал зәрін қайдан алды сол адам,  
Қалай алды,  
Кейін талай оралам.  
Не үшін оны қалтаға сап қаттады,  
Не үшін оны сандығында сақтады?

Әу басында іздеп тауып алғанда  
Қандай мақсат,  
қандай ниғыл болды онда?  
Сақтап жүр ме тек қабаған ит үшін,  
Бұл да менің жауабы жоқ «иксім».

Не үшін кейде екіндіге құлап күн,  
Арзандайды миссиясы мұраттың?  
Қайқияды қара итімнің құйрығы  
Қаңқасындай «не үшін» деген сұрақтың.

Қандай адам,  
Жасырын кеп аулама  
Ит тағдырын салып жүрген саудаға?

Иттен төмен азғындардың уынан  
Ит өлді деп қайда барып қуынам?

Қай пендені кінәлі деп таба алам,  
Дәл өзімдей жұмыр басты бәрі адам.

Дипломатын демеп өтті бірі, эне,  
Серпіледі қайтсе көңіл күмәні?

Өтті біреу ұстап ала дорбасын,  
Ала қапшық уға толы болмасын.

Бірі толған қап арқалап барады,  
Ішіндегі бидай болса — жарады...

Жастау жігіт «сәлеметсіз» деп өтті,  
Сол болмасын жайғап жүрген төбетті.

Айтарым сол — ала ниғыл болма, Адам,  
Қосарым сол — қара ниғыл болма, Адам.

Біле білсең ит те өзіндей тірі жан,  
Бар айыбы үрген,  
Кейде ұлыған.  
Тіпті адамның адамдығын,  
Кей кезде  
Соған деген пейілінен ұғынам.

Тірлік заңын тірек етіп,  
Мен егес  
Кұрар болсам, мұның өзі тек емес.  
Тірі жүру құқы оның  
Дәл сіздің  
Өмір сүру құқыңыздан кем емес!

Белгісіз жан, кім едің сен,  
Білгеннен  
Пайда жоқ деп түңіліп те үлгергем.  
Бейкүнә жұрт қатарында каперсіз  
Өтіп жүрсің  
Иттен тыныш іргемнен.

Хайуанда кінәрат жоқ тегі енді,  
Қожайынға адал болам деп өлді,  
Айытпауға болмас оған көп елді.  
Бейтаныс жан, бүркесең де бетіңді,  
Мынау ісің білдіретін секілді:  
Қажет болса, иті тұрсын,  
Иттей ғып  
Иесіне у жұмсаймын дегенді...

Содан ба екен, көрем ылғи түсімде  
Шұбар жылан — шұбар пиғыл пішінде.  
Улап жатса ұнатпасын ылаң жан,  
Айырмасы жоқ-ау сол бір жыланнан.

Сауал сансыз:  
«Мен жүргенде мырыңдап,

Мазақ етіп, шекесінен қырындап,  
Жылан-адам өтіп жүр-ау жымындап» —  
деп ойласам,  
Сезік қасқа сынымды ап,  
Намысыма майза сұғып бір екпін,  
У тамғандай ұйып ұшы жүректің  
Қос құлағым қоя берер шыңылдап.

### СЕМЕЙГЕ ҮН ҚОС, НЕВАДА!

/Микропоэма/

«Семейге үн қос, Невада,  
Семейге үн қос, Невада!»  
Осынау ұран —  
Кімге де бүгін басты ұран,  
(Бейбітшілікті ту еткен  
Ұранымменен  
дұшпанымды да састырам).  
Екпіні оның жарылыстан да күштірек,  
Дүмпуі жеткен  
Жеті қат жердің астынан.

«Невададағы жарылыс біткен тоқтасын!»  
Бұл ұран — тілде, көмейде.  
«Тоқтасын және ол Семейде!» —  
деген девизбен невадалықтар  
Біздің де  
үмітімізді қолтықтап ұстап, демей ме?!

Жарылыстармен аз жарыспадық тегі біз,  
Санында, сірә, жоқ есеп.  
Озғаны оның Құлагер емес,  
Әрине,  
Қалғаны емес көк есек.

Жарылыстармен берешек болмас еліне ер,  
Жалын істермен — берешек!

Невада, үн қос Семейге,  
Парасат сөзі кептеліп қалып жүрмесін  
Айтылар сәтте көмейде.  
Уланған ауа,  
Уланған және жер мен көк  
Үміт күткенде үрейлі көзбен телмеңдеп,  
Қайрылмай кетсек,  
Қатыгез екен демей ме?

Тыныштық күткен жаһанның мынау тілегін  
Білесің сен де,  
Мен-дағы шәксіз білемін.  
О, сөйте тұра, Невада,  
сенде зілзала,  
Зілзала және мұнда да.  
Әр жарылыспен жаңылмай атып келеміз,  
Жер-ана менен Ел-анамыздың жүрегін.

Осыдан кеуде ендікті,  
Ендіккен емей немене  
Елпілдей ұшқан бейбіт құстардың топшысы  
Беймезгіл сәтте мертікті.  
Содан да болар сонау жыл  
Полигон түгіл баланың шарын жарғызбай  
Тым-тырыс қалғам мен тіпті...

Уитмендердің мекені,  
Хемингуэйлердің мекені  
Ғаламат күшпен зарядтар тебіскен кезде,  
Теңселіп дір-дір етеді.  
Сұрапыл сол бір соққыдан  
тітіреп кетер Шыңғыстаудың да етегі.



Осымен бірақ не болды?  
Одырайысқан тоқпақ кұр:  
Адам затының игілік көші бөгелді,  
Иірліп, эне, тоқтап тұр.  
Исінген інген індетке түскен ботасын  
Иір қобыз боп  
Иен далада жоқтап тұр...

Шындығын ойдың толғаса, кэне,  
Шырай бере ме пендеге?  
Боздаған ботаң болмаса-дағы  
Беріш боп қатқан кеудене  
Сарыуайым бар сенде де.

Біріңе-бірің Әзірейіл болып елестеп,  
Біріңе-бірің бітімі қнын егес боп  
келгенің жетер.  
Семейге үн қос, Невада,  
Жарылыстармен емес тек...

Аталатұғын «Невада»  
Атақты біздің қозғалыс кеше басталған.  
Оқ жаумасын деп сорғалап,  
Ақ нөсер ғана жаууы керек аспаннан.  
Адамға, тегі, әуелден  
Бомбаңыз емес,  
Бейбітшілік қой басты арман.

Тұқырта берсен,  
тізесін бүгер емен де,  
Дығырта берсен,  
биігің түсер төменге.  
Невада жұрты, сен үшін біздер қозғалдық,  
Біз үшін қозғал сен енді!

Семейге үн қос, Невада,  
Балықтай тірі қуырлып жатқан табада,  
Қайықтай түбі тесіліп қалған жағада  
Полигонына қара да,  
Жағдайын оның бағала.  
Байыптап бәрін бағалау керек,— дейді ішім,  
Жарылысыңның дүмпуі жеткен Семейге  
Араша түсер дауысым жетпес деймісің?!

Дауысқа дауыс қосылсын,  
Қозғалыстарға — қозғалыс.  
Полигон емес,  
Келіссөздерде шешілсін  
Кетеуі кетіп тозған іс.

Қозғалыс керек,  
Жер-үйіміздің іргесін  
түріп бір тастап, тамашалауға нұр-кешін.  
Қозғалыс керек,  
Күндердің күміс күймесін  
көмкеру үшін үйлесім.  
Алайда, досым, қозғалыс керек дегенге,  
Бұйығып жатқан тереңде  
Ядролық зарядтар басын көтеріп,  
Қозғалып кетіп жүрмесін!..

Осынау Жердің бетінде  
Невада менен Семейді білмес жоқ халық.  
Тұрғандай желдің өтінде  
Сілкініс сайын үрейге толып жанары  
Қарайды олар топтанып.

Қарайды олар үмітпен және күдікпен,  
Күдіктенетіні — үмітін талай үгіткен,  
Үміттенетіні —  
Бейбітшіл қозғалыстармен  
Жүрегін жиі жібіткен.

Үміттенетіні — бүгінгі мәшһүр Семейдің  
Полигон емес,  
Абаймен шыққан атағы,  
Мұхтармен шыққан атағы.  
Олардың сөзі ізгіліктермен үндесіп,  
Зұлымдықтармен тіл табыса алмай жатады.  
Қасиет қонған қара жұртымды кей халық  
Жарылыс қана жасайтын жер деп ойға алып,  
Жадына тұтса,  
Жаныма осы батады.

Жасасын игі Қозғалыс!  
Жан бітіретін тасқа да,  
Ой салар кәрі, жасқа да.  
Қимылы кесек,  
Ірілеу әрі мінезі  
Жер бетіндегі жарылыстарды бұл өзі  
Тоқтатсақ деген тілектен туған бастама!

Қолыңды әкел, ағайын,  
Қалайды соны нөпір тілек пен нөпір үн.  
Атлант мұхитын аттап бір өтіп,  
Салайық  
Бейбітшіліктің көпірін.

Келеді сонда тепсінген топтар тобаға,  
Көнеді сонда асқынған жандар жобаға,  
Парасат үнін,  
Ізгілік үнін ту етіп,  
Тоқырап қалған түсініктерді түлетіп,  
«Семейге тіл қат, Невада,  
Семейге тіл қат, Невада!»

## ТАРИХТЫ ЖЫРМЕН ТОЛҒАСАҚ

/Лирико-публицистикалық толғау/

### ЖЫР АШАР

Шынайы шабыт, шында ойды,  
Сыйынды маған дайында.  
Советтік Ақын жырлайды,  
Советтік Адам жайында.

Шабытым, шырқап келіндер,  
Шарқ урып, міне, шақырам.  
Советтік адам — кейіпкер,  
Советтік өмір — сахнам.

Ақыл мен ойлар от алып,  
Арнайық жырды әманда,  
Тарихтың тыңын қопарып,  
Таң болып келген адамға.

Тұтанып, түтеп, тіл безеп,  
Төгейін жырды мен талай.  
Айналшы, тарих, бір мезет,  
Алдымнан кинолентадай.

### УАҚЫТҚА СҰРАҚ

Қараңғы, қапас заманның  
Қорлығын көрген кім еді?  
Зорлығын көрген кім еді?  
Запыран болып жүрегі.

Бостандық басын адамның,  
Байлауға салған кім еді?  
Айдауға салған кім еді?  
Аспанды торлап түнегі.

Тертеден нығы тесіліп,  
Дүрбелең күйге түскенде Ел,  
Қорғаған тағын қосылып,  
Кім еді, сол бір үстемдер?

ЖАУАП

Кім еді олар? Белгілі,  
Белгілі бізге жай еді.  
Беліне жетпей белдігі,  
Бүйірі шыққан бай еді.

Кім еді солар, сонымен?  
Болғандар, байып толғандар.  
Адамның ашы тері мен  
Алқызыл қанын сорғандар.

Тасқа бір тимей тұмсығы  
Тағылар тыным тапқан ба?  
Қорқауды солай құлқыны  
Қақпалай берді қақпанға...

ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗДАР

Көрсен де әбден көрерін,  
Қабылдап іштей кең шешім.  
Өр мінез елім, ер елім,  
Түсірген емес еңсесін.

Талабын басып тұнжыр тұн,  
Тақса да тұсау — шідерін.  
Жаужүрек жұртым, жан жұртым  
Жасытқан емес жігерін.

Қайралған кекке алдаспан,  
Қынапқа сыймас болғасын,

Махамбет болып қол бастап,  
Қиратқан ханның ордасын.

Ақылы бейне ақ жарық,  
Арман мен ойдан от алған.  
Түн-түнегінді қақ жарып,  
Сейілтпек болды Шоқандар.

Ақберен жырмен қалайда  
Арсыздың күнін қараң қып,  
Айқасқа түскен Абай да,  
Аллауыттарды алаң қып.

«Қайсың бар сауат аспаған,  
қанекей, — депті, — бәрің кел».  
Жарыққа жұртын бастаған  
Ыбырай Алтынсариндер.

Күрескен олар «күштімен»,  
Құшағын қимас досқа ашып,  
Михаэлеспен, Пушкинмен,  
Достоевскиймен достасып.

Ақылшы болған адамға  
Олардай асыл жоқ, тегі,  
Түнерген түнек заманға  
Түйілген бір-бір соққы еді.

Ой-көзін ашқан наданның  
Осылар шығар, шамасы —  
Советтік келер Адамның  
Сұңғыла ата-бабасы.

## ДҮРБЕЛЕҢ

Білегін қосып, белсеніп,  
Патшаны, байды құрта алмай,  
Дүние тұрды теңселіп,  
Дүбірді күткен тұлпардай.

Ойлайды мұны Кеменгер,  
Ойлайды үзбей күн-түні.  
Күтеді шерлі-шемендер,  
Күресер күнді жұлқынып.

Байыптап, барлап алыстан,  
Өзгертіп, өңдеп оғашын.  
Дайындап жатыр Данышпан  
Қимылдың жоспар-жобасын.

Айбары шығар мүмкін бұл,  
Ақшуақ күннің туатын.  
Тереңнен тепкен дүмпудің  
Өлшеуде көсем қуатын.

Қаланың жұмыскері де,  
Шаруалары даланың,  
Сусындап жатыр бәрі де,  
Сұңғыла ойын дананың.

Мінгендей бірге кемеге,  
Тоғысқан тағдыр-тілегі,  
Ресей елім — дене де,  
Күн көсем — оның жүрегі.

Жүректің осы жылуы  
Жетуде жақын, шалғайға:  
Бір шеті мына Питерде,  
Бір шеті сонау Торғайда.

Қолдауын тапса күрес-ой,  
Халыққа болып па қиын?  
Қабылдап алмақ Ресей,  
Революциясын — сәбиін.

Қабылдап алмақ,  
Кезінде  
Келетін ұлды ұлы іспен:  
Күреспен ашып көзін де,  
Кіндігін кесіп қылышпен.

Сүйенген балдақ-байлыққа  
Сүріну үшін «дәу-нықтар».  
Оқталып жатты ойлықтар,  
Топтанып жатты таулықтар.

Шалғайда шыған жатса да,  
Шеткері қалсын ол қайдан.  
Атойлап тиді патшаға,  
Ақиық ұлдар Торғайдан.

Орнату үшін Кеңесті,  
Қиынн кешкен ерді көр.  
Советтік адам емес пе,  
Әліби, Амангелділер.

Тұлпар боп талай ерттелген,  
Тарихпен сонау аты егіз.  
Советі үшін серт берген  
Осылар — біздің әкеміз!



#### ТӨҢКЕРІС

— Ғасырлар бойы қаналған,  
Халықтың, ашу-ызасы,  
Қаптайсың сұсты қамалдан,  
Қайтсең де оны бұзасың!

Ғасырлар бойы тапталдың,  
Халықтың ары, намысы!  
Төңкертіп таста тақ-тәжді,  
Тәңірін енді танысын!

Булыққан күштер болды әзір,  
Берілетұғын бұйрыққа.  
Ғасырдың құны дәл қазір  
Тірелді осы минутқа, —

Дегенде көсем.  
Теңселіп,  
Дүркіреп кетті дүние.  
Женістің жалғыз өлшемі —  
Теңдікке болмақ кім ие?

Алаяқ біткен шошынып,  
Айбатты «Аврорадан»,  
Қорғасын оққа қосылып,  
Кек пенен ыза бораған.

Күрестің өзі қуаныш,  
Қайратын тежеп, ірке алмай  
Бұрауда келген бұла күш  
Бұрқылдап берді вулкандай.

Алынды Қысқы Сарай да,  
Алынды басқа қамалдар.  
Қансорғыштарға қалайда,  
Қалмады түк те амалдар.

Жасасын Революция!  
Бостандық, теңдік әкелген.  
Жасасын Революция!  
Жалғасын тапқан әкемнен.

Жасасын Революция!  
Жасаған совет заманы.  
Жасасын Революция!  
Жаратқан совет Адамын.

Жасасын Революция!  
Жаһанға тартқан көшені.  
Жасасын Революция!  
Жасасын оның көсемі!

Қуаныш берген халыққа,  
Қайырлы, құтты қадамы.  
Күн Көсем — өзі,  
Тарихта  
Бірінші совет Адамы!

#### ҚЫСПАҚТА

Көшу! қиын қиынның,  
Қонуы қиын жаңаның.  
Капитал әлем сені, елім,  
Қарсы алды түйіп қабағын.

Жеңістің өзін алғашқы  
Жүйкесі жетіп кетермей,  
Жағаға келіп жармасты,  
Жандары шығып кетердей.

Оларша: Қара тобырдан  
Қалмайтын мұра — құлдық қой.  
Теңдікті түгел қолына ап,  
Төрсінін шығу сұмдық қой.

Осындай обыр эсермен  
Тап берді таптап көрмекке.  
Жөргекте жатқан жас елді,  
Жоғалтпақ болып жөргекте.

Дүние қайта тарылды-ау,  
Тартылған талыс терідей.  
Қамалап берді қалың жау,  
Боранда тиген бөрідей.

Қаһарман халқым бірақ та  
Біріне мұның сынбады.  
Сұрапыл осы сынақта  
Сенімін, сертін шыядады.

Оспадар жаулар опынды,  
Көнбеді елім қыспаққа.  
Қолбасы болып отырды  
Көсемнің өзі штабта.

Шықпасаң қолға қару ап,  
Жұртыңды қорғау қиын-ды.  
Жұмысшы. Солдат, Шаруа  
Тас түйін болып түйінді.

Шарлысып шұғыл шақтармен  
Бәйгеге түсті бас тіптен.  
Айқасты олар ақтармен,  
Шайқасты олар аштықпен.

Оп-оңай өмір шалқымас,  
Осылай шешіп көп істі,  
Аждаһаменен алты бас  
Азамат елім соғысты.

Шатқалаң шақта шошымай,  
Шайқасқа түсіп не керім,

Сақтаған жұртым осылай,  
Советтік салтын, мекенін.

Қайратын шындап күн көсем,  
Қамауды бұзған кешегі,  
Советтік Адам кім? — десек,  
Советтік Адам осы еді!

#### СЕРПІЛІС

Тұзағын, торын құрғандар  
Сонымен тынды дермісіз.  
Сұрапыл күндер тұрды алда,  
Соғысқа тіпті бергісіз.

Алапат, ауыр күн тұрды,  
Айтқызбақ болды қаралы үн.  
Аштықтың өзі ұмтылды,  
Ажалдай ашып аранын.

Мезгілді мешеу үркітіп,  
Қуатын, күшін қосты елім.  
Мындаған май шам тұр күтія.  
Жарқ ете түсер ГЭС-терія.

Бұрқылдап балқып қайнауды  
Бұрыннан өзі жек көрмей,  
Кен жатты қнын қойнауада  
Бұлқынған бұлшық еттердей.

Түркістан — Сібір қиысты,  
Кұшағын ашып, қол беріп.  
Созылған қолдар түйісті,  
Түйісті темір жол болып.

Созғандай бейне сағызды,  
Сапырып сұйық от алып,

Алғашқы домна ағызды  
Магнит таудың металын.

Коллективтеніп,  
Қолына  
Қондырып күшті құралын.  
Колхозын құрды шаруа  
Кулактың кесіп құлағын...

Тыныштық іздеп, тыныстап,  
Жатпады жұртым шалқадан.  
Табылса күндіз жұмыстан,  
Табылды кешке партадан.

Мектепке келді бәрі, иә,  
Мектепке келді тамам көп.  
Класқа кірді қария  
Бастауыш білім алам деп.

Осылай туған бастапқы,  
Бесжылдықтары алыптар.  
Осылай тұрған асқак бір,  
Советтік сұңқар халықтар.

Сертіне берік сынасаң,  
Сезерсің сырын, себебін,  
Осы еді, егер сұрасаң,  
Советтік адам дегенің!

#### ОТ КЕШУДЕ

Талай жыл өтті арада,  
Тамылжып атып тандары.  
Ашылды аспан, ауа да,  
Басылды дүние шаңдағы.

Талай жыл өтті арада,  
Түледі төрім — мекенім.  
Таныды шет жұрт арзамы,  
Советтік салттың не екенін.

Пәк таңдар атты паңдана,  
Пердесін ақ нұр аптады.  
Эттең-ай, мына таң ғана,  
Тамылжып бүгін атпады...

Арайлы таңның шапағы,  
Алқызыл қанға боялды.  
Алаңсыз жатқан Отаным  
Атыстан шошып оянды.

Бағдарын баян етпестен,  
Белінен басып ұятты,  
Гитлер жауыз тап берді  
Кұтырған қасқыр сияқты.

Ескертпей соғып талдырар,  
Ежелден тексіз, атасыз.  
Опалы жау жоқ.  
Ал, бұлар  
Опасыздан да опасыз!

Сан ұлттан сарбаз сапанды,  
Майданнан есіп тұрды ызғар.  
Украин, орыс аттанды,  
Аттанды қазақ, қырғыздар.

Бірлігін бауыр бұзып па,  
Бұлттанған шақта бұла таң.  
Баласы мынау жүз ұлт та,  
Анасы мынау бір Отан.

Қапыда түскен өңмендеп,  
Қарға боп шықты «қырандар».  
Ұлысқа қауіп төнгенде  
Ирелеп тиді ұландар.

Жамылып алып жалынды,  
Жарақты жауға жолдап оқ.  
Гастелло, Нүркен жарылды,  
Жарылды жойқын бомба боп.

Сілімтіктердің сондағы,  
Сүддесін солай жаншыпты ел,  
«Сәлемін» қыздың жолдады,  
Сыбаға оқпен Мәншүктер.

Ауасын жұтып ақырғы,  
Арайлау үшін нұр таңдар,  
Ажалға қарсы атылды  
Александр мен Сұлтандар.

Жене алмай бәрі бір қызды,  
Жатқанда Зоя қан құшып,  
Өзіне мүсін тұрғызды  
Мрамор-мүздан Карбышев.

Шамданған шақта шыңдалған  
Шыдам мен қуат не деген?  
Шұбалған шегін жинап ап,  
Шайқасып жатты Төлеген...

Кектеніп тұрған кезінде  
Қақпақыл қылып майданды,  
Қаһармандықтың өзі де  
Қалыпты іске айналды.

Бар істен тауып орынның,  
Бұрымын түйіп тоқпақтай,

Әйелдер тұрды,  
Ерінің  
Елеулі орнын жоқтатпай.

Жалғызы кетті.  
Жыл өтті,  
Орнына соның қойғасын  
Қария қалт-құлт күзетті,  
Колхоздың қырман-қоймасын.

Жұмыскер қол да табылды,  
(Жоқ болса қандай шара бар?)  
Бригадиріне «бағынды»  
Бес-алты жасар балалар.

Қайғыдан кенет күрт сөніп  
Кетер деп қария сабаздар,  
Кеңседе жатты кілттеліп,  
Қайсыбір қара қағаздар...

Жаужүрек жұртым сынақта  
Жауына солай көнген жоқ.  
Жанын да берді.  
Бірақ та  
Намысын қолдан берген жоқ.

Пиғылы кеткен өзгеріп,  
Фашизм атты сұмдықтан  
Өзін де қорғап,  
Өзгені  
Құтқарып қалды құлдықтан.

Осылай елім аңыздай  
Жасады ерлік өрісті.  
Жасады және  
Маңызы  
Жер үшін қажет Жеңісті.



Отанын сақтап қатерден,  
Отка да күймей табаны,  
Ожданның туын көтерген,  
Осындай совет Адамы.

#### ОДАН БЕРІДЕ

Советтік Адам!  
Неткен бұл  
Құдіреті күшті сөз еді?  
Осы бір сөзден көктемнің  
Шуағын жаным сезеді.

Советтік Адам!  
Неткен бұл  
Құзыры күшті сөз еді?  
Осы бір сөзден өткен бір  
Ерлігін елім сезеді.

Көкейде жатыр көбі оның,  
Қалғанын мезгіл өзі өңдер.  
Советтік Адам дегенің —  
Тарихы таудай кезеңдер.

Кезеңнің егер есебін  
Елестет десең, кош алам:  
Қанауды құртқан кешегі,  
Қаһарман адам — осы Адам.

Қандай бір қиын сында да,  
Кезі жоқ қажып, босаған.  
Азамат соғысында да  
Азамат болған — осы Адам.

Жасатты жылдар көші оған  
Жеңістің жүйе жалғасын.  
Құлаштап соққан осы Адам,  
Бесжылдықтардың балғасын.

Қапқанда Фитлер тасадан,  
Кетпекші болып бел бүктеп.  
Тарихқа жазған осы Адам  
«Есімім менің Ерлік деп» .

Талықпай, талмай, тұрақты  
Тыныштық жырын таратты.  
Танктен жасап трактор,  
Семсерден соқты орақты.

Қолбала қылып ғылымды,  
Қиынға жолды төседі ол.  
Далаға қарай бұрылды,  
Қаладан тартқан көшелер.

Орныққан көне қалыптан  
Оздырып өрге Отанды,  
Гагарин болып тарихта  
Ғарыштың тыңын қопарды.

Шаң болмау үшін аспаның,  
Шайқалмау үшін босаған,  
Ақылмен буып тастады  
Атомның күшін осы Адам.

Сондықтан мына заманда  
Сөздермен сырлы, бейнелі,  
Сәулесін шашқан ғаламға,  
Советтік Адам дейді оны.

## СӨЗ СОҢЫ

Тұңғық Тарих!  
Хаттай кып  
Ішінде мына бөлменің,  
Түгендеп сені жатпаймын.  
Міндетім емес ол менің.

Айтпақшы болғам, заты мен,  
Адамның өмір-өзегін.  
Сүйініп жүрген сәтті мен  
Күйініп жүрген кезеңін.

Айтпақшы болғам, тетінде,  
Ақыр да бастау алғасын.  
Бақытты ұлдың бүгінгі  
Бабасыменен жалғасын.

Көрсетпек болғам, сірә, бір,  
Қиырдан тартып қос тінін.  
Қыруар ұлттан құралып,  
Қауышқан көптің достығын.

Қаншалық айтқан екенмін,  
Білмеймін оны.  
Тек, мұным:  
Ей, менің асыл мекенім,  
Өзіне тартқан шок гүлім.

---

## МАЗМУНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### ӨЛЕҢДЕР

Алаңдатып . . . . .	3
Өмір бойы . . . . .	4
Бірлік . . . . .	5
Қуғын . . . . .	6
Мезгіл межесі . . . . .	7
Ата, қайда барасың? . . . . .	8
Не дерсің . . . . .	9
Орын . . . . .	10
Адам құпиясы . . . . .	11
Ғұмыр . . . . .	12
Өздеріндегі пенде . . . . .	13
Сөйлесу . . . . .	14
Алғыс пен қарғыс . . . . .	15
Тек . . . . .	16
Ауыл кеші . . . . .	17
Шопан . . . . .	18
Ұстаханадағы жазулар . . . . .	20
Айлы түн. Алатау. . . . .	22
Терең тамыр . . . . .	22
Қарыздармын . . . . .	24

Туысқан . . . . .	25
Жастық . . . . .	26
Тойбастар . . . . .	33
Жеңіс жолы . . . . .	35
Соқпақтар . . . . .	36
Ой . . . . .	37
Пенделік . . . . .	38
Тоғышарлыққа тосқауыл . . . . .	39
Шуак . . . . .	41
Қираған көңіл . . . . .	42
Адасқан Ай . . . . .	44
Мезгіл жетті . . . . .	44
Адам жаны . . . . .	45
Қиян . . . . .	46
Жұмырлық пен тұтастық . . . . .	48
Көзбе-көз . . . . .	49
Оңай емес . . . . .	50
Пейіл . . . . .	50
Қыжыл . . . . .	51
Көңіл егер... . . . .	52
Күміс жапырақ . . . . .	53
Қыркүйек . . . . .	60
Күз келген-ау . . . . .	61
Керегі не? . . . . .	61
Аңсау . . . . .	62
Өкпелеуім арқылы . . . . .	63
Биіктік пен тереңдік . . . . .	64
Қарыз екем . . . . .	64
Ақыл керек . . . . .	65
Әрекет . . . . .	66
Баянтаудың биігі . . . . .	67
Қайрау . . . . .	69
Өзімізге . . . . .	70
Қауіп . . . . .	71
Тамырлас . . . . .	72
Төзім . . . . .	72

Уақыт еді.. . . . .	73
Қайсарлық . . . . .	74
Дала . . . . .	75
Табиғат . . . . .	76
Қоңырау . . . . .	77

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ТОЛҒАУЛАР

Аққайың-ақын . . . . .	78
Арманың бар ма, адамдар? . . . . .	84
Молшылық . . . . .	92
У. . . . .	98
Семейге үн қос, Невада! . . . . .	102
Тарихты жымен толғасак . . . . .	107

**Абзал Бокенов**

**СКАЧКА**

**СТИХИ И ТОЛГАУ**

**(На казахском языке)**

**Редактор *Б. Искаков***

**Художник *К. Утабаев***

**Художественный редактор *Б. Серикбаев***

**Технический редактор *Б. Карибаева***

**Корректор *Ж. Нургожина***

**ИБ 5340**

Теруге 4.03.91 жіберілді. Басуға 19.06.91 қоп қойылды. Қалпы  
70x90 мм. Баспа қағаз № 2. Қарп түрі «Әдеби». Шығынқы ба-  
сымыс. Шартты баспа табағы 4,68. Шартты бояу көлемі 4,89.  
Есепті баспа табағы 5,15. Тиражы 3000 дана. Заказ № 1413.  
Бағасы 55 т.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің Халық-  
тар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қա-  
ласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
«КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігі-  
нің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Ал-  
маты қаласы, Қарл Маркс көшесі, 15/1-үй.